



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАН
ҰЛТТЫҚ БАНКІ



НАЦИОНАЛЬНЫЙ
БАНК КАЗАХСТАНА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ

2023



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Жылдық Есеп Ұлттық Банкінің

М а з м ұ н ы

Жылдың қысқаша қорытындысы **2**

1-ТАРАУ. 2023 жылы дамудың макроэкономикалық шарттары 6

1.1 Жаһандық экономика	6
1.2 Ішкі үрдістер: экономиканың нақты секторы	7
1.3. Инфляция	9
1.4 Фискалдық саясат	11
1.5 Төлем теңгерімі және сыртқы борыш	13

2-ТАРАУ. Ұлттық Банктің қызметі 16

2.1 Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету	16
2.2 Қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу	21
2.3 Активтерді басқару	24

2.3.1 Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару	24
2.3.2 Ұлттық қордың активтерін басқару	26
2.3.3 Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару	29
2.3.4 Қаржылық тәуекелдерді басқару	30
2.4 Төлем жүйесін дамыту	31
2.4.1 Төлем жүйелері	31
2.4.2 Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы	33
2.4.3 Цифрлық қаржы инфрақұрылымы	36
2.5 Қолма-қол ақша айналысы	37
2.5.1 Қолма-қол ақша эмиссиясы және айналысы	37
2.5.2 Банкноттар мен монеталардың сараптамасы	39
2.5.3 Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген алтынның өлшеуіш құймалары	39
2.6 Валюталық реттеу және валюталық бақылау	40
2.7. Статистикалық қызмет	42
2.8. Зерттеу қызметі	44
2.9 Ақпараттық технологияларды және деректерді қорғау жүйелерін жетілдіру	46
2.9.1 Ақпараттық технологияларды дамыту	46
2.9.2 Деректердің қорғалуын және корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	47
2.10 Халықаралық ынтымақтастық	49
2.11 Коммуникациялық саясат	51

3-ТАРАУ. Ұлттық Банктің ұйымдық дамуы 53

3.1 Адам капиталының ұйымдық құрылымы және дамуы	53
3.2 Операциялық тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау	55
3.3 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	56
3.4. Ішкі аудит	57
1.5-бөлімге 1-қосымша	58
1.5-бөлімге 2-қосымша	60
1.5-бөлімге 3-қосымша	62

ЖЫЛДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫСЫ



2023 жылы жаһандық экономика тұрақты өсімді көрсетті. ХВҚ-ның бағалауы бойынша өсу 2022 жылғы 3,5%-дан 3,2%-ға дейін баяулады, бұл орталық банктердің жүргізген қатаң ақша-кредит саясаты, шектеулі қаржылық шарттары және әлемдік сауданың әлсіз өсуімен байланысты орын алды.

Бұл ретте 2023 жылы Қазақстан макроэкономикалық теңгерімді жақсартта алды. Соңғы 10 жылда ең жоғары экономикалық өсу 5,1%-ға жетті. Инфляция екі еседен астам төмендеді және жыл қорытындысы бойынша жүргізіліп жатқан монетарлық саясат пен Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларының арқасында 9,8%-ды құрады.

Инфляциялық процестердің тұрақтана бастауы базалық мөлшерлеменің біртіндеп төмендеу циклін бастауға мүмкіндік берді. 2023 жылғы тамыздан бастап мөлшерлеме 16,75%-дан 2023 жылғы желтоқсандағы 15,75%-ға дейін 100 базистік тармаққа төмендеді.

2023 жылғы 5 шілдеде Ұлттық Банк интервалдық мәндерді нақты деңгейге ауыстыра отырып, инфляция бойынша бұрын мәлімделген нысананы нақтылау және орта мерзімді перспективада инфляция бойынша нысананы белгілеу, яғни жылдық инфляцияны 5%-ға жуық ұстап тұру туралы шешім қабылдады.

2023 жылы теңгенің айырбастау бағамы сыртқы сектордағы құбылмалылық пен ішкі факторлар жағдайында қалыптасты. 2023 жылы Ұлттық Банк еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін ұстанды және валюталық интервенциялар жүргізбеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша теңгенің айырбастау бағамы теңгедегі активтердің тартымдылығын сақтау, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына шетелдік инвесторлар қа-

2023 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің айналысқа енгізілгеніне 30 жыл толу құрметіне арналған Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресі өткізілді.

ражатының түсуі, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы және Ұлттық қордың активтерін конвертациялау операциялары аясында бір АҚШ доллары үшін 454,69 теңгеге дейін 1,7%-ға нығайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы операциялар шоты тапшылықпен қалыптасты және 8,7 млрд АҚШ долларын құрады. Ағымдағы шоттың оң сальдосының теріс аймаққа қарай ауысуы сауда теңгерімінің азаюымен байланысты. Тауарлар экспорты, ең алдымен, мұнай мен газ конденсаты экспортының 6,8%-ға немесе 3,1 млрд АҚШ долларына (лаг түзетуін ескере отырып) қысқаруы есебінен 79,9 млрд АҚШ долларына дейін 6,7%-ға төмендеді. Тауарлар импортының 59,7 млрд АҚШ долларына дейін 17,9%-ға өсуі тұтынушылық тауарларды әкелудің 19,6 млрд АҚШ долларына дейін 18,3%-ға, оның ішінде азық-түлік тауарларын әкелудің 4,4 млрд АҚШ долларына дейін 0,9%-ға және азық-түлікке жатпайтын тауарларды әкелудің 15,2 млрд АҚШ долларына дейін 24,5%-ға өсуіне негізделген.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің жалпы алтын-валюта резервтері 36,0 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2022 жылдың қорытынды көрсеткішімен салыстырғанда активтердің валюталық бөлігін ұлғайту есебінен 0,9 млрд АҚШ долларына немесе 2,53%-ға артық.

Ұлттық қордың активтері 2023 жылдың қорытындысы бойынша активтерді теңгерімді бөлуге көшу бойынша соңғы жылдары жүргізілген жүйелі жұмыстың арқасында 7,7%-ға немесе 60 млрд АҚШ долларына дейін 4,3 млрд АҚШ долларына ұлғайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі бір жылда 21,8%-ға ұлғайып, 17,8 трлн теңгені құрады. 2023 жылы есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 1,6 трлн теңгені құрады.

2023 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы жүргізілген төлемдерінің көлемі 2022 жылмен салыстырғанда тиісінше 12,5%-ға (8,2 млн транзакцияға) және 24,5%-ға (193,0 трлн теңгеге) ұлғайып, 980,3 трлн теңге сомасына 73,7 млн транзакцияны құрады. 2023 жылы қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп қатысушылар санын кеңейте отырып, Төлем картчаларының банкаралық жүйесін және Лездік төлемдер жүйесін (ТКБЖ, ЛТЖ) сервистерін кең ауқымды қамтуы бойынша жұмыс жалғастырылды.

2023 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің айналысқа енгізілгеніне 30 жыл толу құрметіне арналған Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресі өткізілді. Конгресс барысында экономиканың өзекті

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Жаңа серияның номиналы 5 000 теңгелік алғашқы банкноты 2023 жылғы 25 желтоқсанда айналысқа шығарылды.

мәселелері талқыланды. «Цифрлық теңге» жобасын іске асыру қорытындысының тұсаукесері өткізілді және «Сақтар стилі» элементтеріне негізделген ұлттық валюта банкноттарының жаңа сериясы таныстырылды. Жаңа сериядағы банкноттар көшпенділердің бірегей мәдениетінен қазіргі замандағы Қазақстанға дейінгі елдің тарихы мен мұрасын бейнелейді. Жаңа серияның номиналы 5 000 теңгелік алғашқы банкноты 2023 жылғы 25 желтоқсанда айналысқа шығарылды.

2023 жылғы 1 қарашада қаржы нарығының қатысушыларымен бірлесіп Open API платформа-сы пилоттық режимде іске қосылды. Банктер мен мүдделі мемлекеттік органдар арасында деректермен жедел алмасуды қамтамасыз ету мақсатында алаяқтықпен тиімді күрес жүргізу үшін Антифрод-орталық құруға бастама жасалды, пилоттың алғашқы кезеңі 2023 жылғы қарашада 11 банктің қатысуымен іске қосылды.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың тиімділігін арттыру, капиталдың елден заңсыз шығарылуын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетін валюталық бақылау органы ретінде тану және оған валютаны репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыру функциясын беру жөнінде заңнамалық жұмыстар жүргізілді.

2023 жылы жарияланатын статистикалық деректер ауқымын кеңейту және талдамалық деректердің сапасын жақсарту мақсатында Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында ор-

наластырылатын статистикалық ақпарат банк секторының («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ын қоса алғанда) экономиканы кредиттеу жөніндегі талдамалық кестелер блогымен және кеңейтілген түрде анықталған (кредиттік институттар толық қамтылған) кредиттер жөніндегі ақпараттың ай сайынғы негізде жариялануымен толықтырылды.

Қаржы нарығы субъектілерінің деректерін жинау мен өңдеудің технологиялық платформаларын дамыту саласындағы жұмыс та жалғастырылды: әдіснамалық талаптарды оңтайландыру саласында бірқатар іс-шаралар жүргізілді, «Smart Data Ukimet» мемлекеттік ақпараттық-талдамалық жүйесінің порталы үшін Ұлттық Банк беретін есептердің тізбесі кеңейтілді, машинада оқылатын форматта ашық деректер саласын құру жұмысы басталды.

2023 жылы Ұлттық Банк ғылыми қоғамдастықпен бірлесіп «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық шындықтардың сын-қатерлері» тақырыбында III халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Конференцияда инфляция бойынша нысаналы бағдарларды белгілеу және оларға қол жеткізу мәселелері жөнінде зерттеу нәтижелері ұсынылды, ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді стратегиясы, жаһандық трендтер мен олардың Қазақстандағы инфляциялық процестерге тигізетін әсері, ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттардың өзара іс-қимылы мәселелері талқыланды.


ҰЛТТЫҚ БАНК – ЕЛДІҢ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ЖОҒАРЫ (БІРІНШІ) ДЕҢГЕЙІН БІЛДІРЕТІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БАНКІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.



Ұлттық Банк қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.



Төмен инфляция мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту Ұлттық Банктің кең ауқымдағы миссиясы болып табылады.



Негізгі мақсатты іске асыру үшін Ұлттық Банк мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асырады, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі және ақша-кредит статистикасы, қаржы нарығы статистикасы және сыртқы сектор статистикасы саласында статистикалық қызметті жүзеге асырады. Сондай-ақ, өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдары мен өзге де тұлғаларды және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды да жүзеге асырады.

1

2023 жылы дамудың макроэкономикалық шарттары

1.1 Жаһандық экономика

ХВҚ-ның бағалауы бойынша 2023 жылы әлемдік экономиканың өсуі 2022 жылғы 3,5%-дан 3,2%-ға дейін баяулады. Экономиканың өсу қарқынының төмендеуі орталық банктердің қатаң ақша-кредит саясатын жүргізуі, шектеулі қаржылық жағдайлар және әлемдік сауданың әлсіз өсуі аясында орын алды.

Экономикалық өсудің төмендеуі дамыған елдерде, атап айтқанда ЕО елдерінде байқалды. Өсудің ең төменгі қарқыны Германияда, Ұлыбританияда және энергетикалық дағдарыстың салдарынан Италияда тіркелді. АҚШ экономикасы ішкі сұраныстың мейлінше күшеюіне, жоғары инвестициялық белсенділікке және мемлекеттік шығыстарға байланысты 2,1%-ға өсуді көрсетіп, басқа елдермен салыстырғанда анағұрлым орнықты болды. Дамушы елдердегі экономикалық белсенділік әртүрлі бағытта қалыптасты. 2023 жылы Қытай мен Ресейде экономиканың өсу қарқынының жеделдеуі байқалды.

Өткен жылы көптеген елдерде инфляция айтарлықтай баяулады. Мәселен, 2023 жылғы желтоқсанда АҚШ-та инфляция 2022 жылғы желтоқсандағы 6,3%-дан 3,3%-ға дейін, ЕО-да ұқсас кезеңде 10,4%-дан 3,4%-ға дейін төмендеді. 2023 жылғы төртінші тоқсанда Қытайда дефляция байқалды.

Сонымен қатар, жаһандық инфляция қысымы жоғары болды. Базалық және жалпы инфляция таргеттен жоғары болды, бұл ретте базалық инфляция жалпы инфляцияға қарағанда барынша баяу қарқынмен бәсеңдеді.

Орталық банктер жалпы қатаң монетарлық саясатты сақтады. 2023 жылдың бірінші жартысында дамыған елдердің орталық банктері негізгі мөлшерлемелерді белсенді түрде көтерді. 2023 жылы АҚШ-тың ФРЖ – мөлшерлемені жылдық 5,50%-ға дейін 100 базистік тармаққа, ЕОБ – жылдық 4,50%-ға дейін 200 базистік тармаққа, Англия Банкі 5,25%-ға дейін 175 базистік тармаққа көтерді. 2023 жылдың екінші жартысында инфляцияның баяулауы аясында дамыған елдердің орталық банктері қатаң риториканы сақтай отырып, мөлшерлемелердің өсу циклін тоқтатты. Өз кезегінде, 2023 жылдың соңына таман Мажарстан, Бразилия, Перу, Чили, Чехия, Колумбия, Аргентина сияқты дамушы елдердің орталық банктері монетарлық саясатты жеңілдету цикліне біртіндеп көше бастады.


2023 жыл бойы сыртқы сектордың Қазақстан экономикасына әсері бейтарап болды. Brent маркалы мұнай бағасы жылдың көп бөлігінде барреліне 80 АҚШ доллары деңгейінен жоғары болды. ЕО мен Қытайдағы инфляцияның баяулауы, сондай-ақ азық-түлікке әлемдік бағаның төмендеуі аясында Қазақстанда тұтыну бағасына сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуі байқалды. Сонымен қатар, 2023 жылдың соңына таман Ресейдегі тұтыну бағасы өсуінің 2023 жылғы сәуірдегі 2,3%-дан желтоқсандағы 7,4%-ға дейін жеделдеуіне байланысты Ресей тарапынан инфляциялық қысымның ұлғаюы байқалды.

1.2 Ішкі үрдістер: экономиканың нақты секторы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының жедел деректері бойынша Қазақстанның ЖІӨ-сі 2023 жылы нақты мәнде 5,1%-ға өсті (1.2.1-сурет). Экономиканың өсуі ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда, экономиканың негізгі салаларындағы оң динамикаға байланысты болды. 2023 жылы ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің 7,7%-ға қысқа-

руы елдің негізгі астық егетін өңірлеріндегі ауа райының қолайсыздығына байланысты астық өнімін барынша төмен алуға байланысты болды. Сонымен қатар, құрылыс жұмыстары көлемінің айтарлықтай өсуі байқалады. Қызмет көрсету секторында сауда, көлік және байланыс салаларында жоғары өсу қарқыны тіркелді.

Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономика салаларының үлесі өткен жылдың тиісті кезеңінде %-бен



Дереккөз: СЖКРА ҰСБ

Мемлекеттік сектор салалары елеусіз өсу қарқынын көрсетті. 2023 жылы өнеркәсіптік өндіріс тау-кен саласының, сол сияқты өңдеуші саланың өсуі есебінен 4,2%-ға ұлғайды. Тау-кен өнеркәсібіндегі өндірістің өсуі шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты болды. Сонымен қатар, металл кендерін, атап айтқанда темір кендерін өндіру көлемінің төмендеуі салаға кері әсерін тигізді.

2023 жылы өңдеу өнеркәсібі құрылымындағы өсу машина жасау өнімдері, тамақ өнімдері, кокс және мұнай өңдеу өнімдері, сусындар, жеңіл өнеркәсіп өндірісін ұлғайтудың оң үлесімен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, 2023 жылы негізгі асыл және түсті металдар өндірісінің қысқаруы салдарынан металлургия өнеркәсібіндегі өндірістің қысқаруы байқалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша көтерме және бөлшек саудада сату көлемінің өсуі нәтижесінде сауда көлемі 11,3%-ға ұлғайды.

Көтерме тауар айналымының өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарларды көтерме саудада өткізудің ұлғаюына байланысты. Өз кезегінде, тұтынушылық кредиттеудің өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бөлшек сауда айналымының өсуіне септігін тигізді.

2023 жылы минералды ресурстарды өндірудің өсуі, сондай-ақ саудадағы оң динамика шарттарында көлік және жинап қою бойынша көрсетілетін қызметтердің өсуі жылдық мәнде 6,9%-ды құрады. Саланың өсуіне темір жол және автомобиль көлігінің жүк айналымы көлемінің ұлғаюы негізгі үлес қосты. Сонымен қатар, жоғары сұраныс жағдайында жолаушылар айналымының, атап айтқанда әуе көлігі жолаушылары айналымының көлемі өсті.


Құрылыс секторының өсуі 13,3%-ды құрады, бұл негізінен өнеркәсіптік нысандарды салуға байланысты. Бұдан басқа, құрылыс жұмыстары көлемінің өсуіне автомобиль және темір жол-

дарды салу, магистральдық құбыржолдарды төсеу және Астана жедел-рельстік көл (ЖРК) объектілерінде құрылыс жұмыстарын қайта бастау ықпал етті.

Байланыс қызметтерінің көлемі интернет желісі қызметтерінің және телекоммуникациялық желілер бойынша деректерді беру қызметтерінің ұлғаюы аясында 7,1%-ға өсті.

2023 жылғы ішкі сұраныс динамикасы нақты жалақыны қалпына келтіру және тұтынушылық

Экономика салалары бөлігінде негізгі капиталға инвестициялар динамикасы өткен жылдың тиісті кезеңінде %-бен



Дереккөз: СЖЖРА ҰСБ

2023 жылы тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың жоғары қарқыны импорттың өсуін жеделдетуге ықпал етті. 2023 жылдың қорытындысы бойынша импорт жылдық мәнде 14,7%-ға өсті. Импорттың жоғары өсу қарқыны тұтыну тауарлары бойынша, сол сияқты аралық тауарлар мен өндіріс құралдары бойынша байқалуда.

Үй шаруашылықтары шығыстарының, жалпы жинақтау мен импорттың өсуімен қатар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстардың ұлғаюы есебінен мемлекеттік

кредиттеудің жоғары өсу қарқыны шарттарында өткен жылмен салыстырғанда жоғары өсу қарқынын көрсетті.

Жалпы жинақтаудың өсуі жалғасып тапты, оның құрылымында тау-кен өндіру, электрмен жабдықтау, сауда, байланыс, көлік және экономиканың басқа да секторларындағы инвестициялардың өсуі нәтижесінде негізгі капиталды жинақтаудағы оң динамика байқалады (1.2.2-сурет).

басқару органдары тұтынушының өсуі байқалды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша экспорт мұнай және газ конденсаты экспортының ұлғаюы аясында жылдық мәнде 1,9%-ға өсті. Сонымен бірге түсті және қара металдар экспортының төмендеуі байқалады.

1.3. Инфляция

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша

Қазақстанда жылдық инфляция 2023 жылдың қорытындысы бойынша 9,8%-ды (2022 жылы – 20,3%-ды) құрады (1.3.1-сурет).

Инфляция динамикасы, %



Дереккөз: СЖЖРА ҰСБ

Инфляцияның баяулауы Ұлттық Банктің іске асырылып жатқан ақша-кредит саясаты және азық-түлікке (етке, сүт өнімдері мен дәнді дақылдарға) әлемдік бағаның төмендеуі және жаһандық инфляция қысымының әлсіреуі аясында Үкімет тарапынан жасалған инфляцияны төмендету шараларының нәтижесінде орын алды. Бағаның ұстамды түрде өсуіне өнеркәсіптің түрлі салаларындағы отандық өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқынының баяулауы да ықпал етті.

Инфляция құрылымында барлық негізгі компоненттердің баяулауы байқалады. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі инфляцияға негізгі үлес қосуын жалғастырды. Соған қарамастан, оның үлесі реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің біртіндеп өсуі және жанар-жағармай материалдарының (ЖЖМ) қымбаттауы аясында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үлесі ұлғайған кезде айтарлықтай азайды.

Азық-түлік инфляциясы 2023 жылғы ақпандағы 26,2%-дан 2023 жылғы желтоқсандағы 8,5%-ға дейін баяулады. Бұған азық-түліктің әлемдік бағасының төмендеуі, сол сияқты ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының төмендеуі ықпал етті. Жыл бойы азық-түлік тауарларының құрылымында нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға, ет пен сүт өнімдеріне бағаның өсуі баяулады. Алайда, 2023 жылы бидайдан нашар өнім алынуына байланысты 2023 жылғы қазаннан бастап ұнның бағасы өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық өсуі 2023 жылғы ақпандағы 20,5%-дан желтоқсанда 9,1%-ға дейін баяулады. Бағаның баяу өсуінің негізгі факторы өнім берудің логистикалық тізбектерін қалпына келтіру, сондай-ақ теңге бағамының, әсіресе Ресей рубліне қатысты бағамның нығаюы жағдайларында импорттық тауарлар бағасының төмендеуі болды. 2023 жылғы сәуірде мұнай өнімдерінің жеке-леген түрлеріне (АИ-80, АИ-92, АИ-93 маркалы бензин, дизель отыны) шекті бөлшек сауда бағасының көтерілгенін атап өткен жөн. Бұл ретте 2023 жылғы қаңтарда АИ-95 маркалы бензин мемлекеттік реттеу белгіленетін мұнай өнімдерінің тізбесінен алып тасталды. Бұл өзгерістер жанар-жағармай материалдары бағасының 13,9%-ға өсуіне және азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жеделдеуіне алып келді.


2023 жылы халық үшін ақылы көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі де ақпандағы 15%-дан желтоқсандағы 12,4%-ға дейін баяулады. 2023 жылғы шілдеден бастап іске асырылатын «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері көтерілді. 2023 жылы ТҚҚ-ға белгіленген бағаның жинақталған өсуі – 20,1%-ды, ал оның инфляцияға қосқан үлесі 1,15 пайыздық тармақты құрады. Реттелетін бағалардың артуы инфляцияның таргеттелетін деңгейіне тез оралуын тежейтін болады.

Тұтынушылық инфляциямен қатар экономикада орнықты инфляциялық қысым көрсететін базалық инфляцияның траекториясы 2023 жыл бойы баяулауды көрсетті (1.3.2-сурет). Сонымен қатар, маусымдық тазартылған базалық инфляцияны бағалау медианасы тауарлар мен көрсетілетін

қызметтердің кең ауқымына қойылған бағаның орнықты өсуін көрсетіп, әлі де нысаналы көрсеткіштен асып түсті. Орнықты ішкі сұраныс, жоғары және тұрақсыз инфляциялық күтулер бойынша проинфляциялық қысым сақталады.

Базалық және маусымдық тазартылған инфляция¹, % а/а

1.3.2-сурет



Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері негізінде ҚРҰБ есептеулері


Жылдық инфляцияның баяулауына қарамастан, халықтың инфляциялық күтулері жоғары болып қалуда (1.3.3-сурет). 1 жыл көлемінде күтілетін инфляцияны бағалау 2022 жылғы желтоқсандағы 21,3%-дан төмендеп, 2023 жылғы желтоқсанда 16,4%-ды құрады.

тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өзгерістерге ұшырауымен сипатталады. Атап айтқанда, 2023 жыл бойы халықтың инфляциялық күтулері ЖЖМ, ТКШ және байланыс қызметтері, тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері бағасының өсуі нәтижесінде жеделдеді.

Халықтың инфляциялық күтулері жоғары деңгейдегі құбылмалылықпен және жекелеген та-

Халықтың инфляциялық күтулері

1.3.3-сурет



Дереккөз: «Fusion Lab» ЖШС-ның пікіртерімдері, ҚР СЖЖРА ҰСБ

¹ Базалық және маусымдық тазартылған инфляцияны бағалау К. Орловтың, И. Ержанның «Қазақстан үшін тұтынушылық бағалардың индексіне маусымдық түзету жүргізу ерекшеліктері» (2 019), К. Орловтың, А. Сейдахметовтың «Қазақстан үшін базалық инфляцияның өртүрлі бағалануы» (2023) еңбегінде сипатталған әдіснамаға негізделген.

1.4 Фискалдық саясат

Мемлекеттік бюджеттің кірісі 23,1%-ға артты. Мемлекеттік бюджет кірісінің 75%-дан астамын – салық түсімі, 16%-ын трансферттер құрады (1.4.1-сурет).

2023 жылы бюджеттік қағидалар күшіне енді. Бюджетті нақтылау кезінде шығыстың өсу қарқынын шектеу жөніндегі бюджеттік қағидалардың қолданылмағанына қарамастан, мемлекеттік бюджет кірісінің құрылымындағы трансферттердің үлесі орташа есеппен алдыңғы 5 жылдағы 26%-дық орташа қатынаспен салыстырғанда 16%-ға дейін (Ұлттық қордың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акцияларын сатып алуын ескере отырып, 21%) айтарлықтай төмендеді.

2023 жылы Ұлттық қордан берілетін жиынтық трансферттердің деңгейі 2022 жылғы 4,6 трлн теңгеден 2023 жылғы 4 трлн теңгеге дейін 12,7%-ға қысқарды. Ұлттық қордан берілетін трансферттер үлесінің төмендеуіне қарамастан, бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығының деңгейі жоғары болып қалуда. Осылайша, Ұлттық қордың қаражатын белсенді түрде тарту есебінен жоғары фискалдық ынталандырудың жалғасуы салдарынан мұнайға қатысты емес тапшылықтың деңгейі жоғары болып отыр. 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты бойынша мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 7,0%, ал Ұлттық қорға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акцияларын сатудан түскен дивиденд ескеріле отырып, 8,1% болды.

Бюджеттің Ұлттық қордың активтеріне тәуелділігі Үкіметтің таза қаржы активтеріне қысым жасайды (үкімет борышын шегергендегі Ұлт-

тық қордың активтері), ол 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,5%-ды (2022 жылы – ЖІӨ-ге қатысты 4,6%-ды) құраған, бұл фискалдық кеңістікті және тиісінше болашақтағы макроэкономикалық күтпеген өзгерістерге ден қою мүмкіндіктерін төмендетеді. Бюджеттік қағидалардың екі компонентінің сақталуы Ұлттық қор активтерінің сақталуына және макро-фискалдық орнықтылықты арттыруға септігін тигізуге тиіс.

2022 жылмен салыстырғанда елдің бюджетіне түсетін салық түсімі 27,4%-ға өсті. Салық құрылымында барлық ірі түсім екі таңбалы қарқынмен өсуде. Салық түсімдерінің құрылымындағы ең көп үлес қосылған құн салығына (30%), корпоративтік табыс салығына (26,7%) және жеке табыс салығына (10,5%) тиесілі болды, өзге салықтың үлесі 32,8%-ды құрады.

Мемлекеттік бюджет кірісінің құрылымы, жалпы кірістің %-мен

1.4.1-сурет



- негізгі капиталды сатудан түскен түсім
- салықтық емес түсім
- трансферттер түсімі
- салықтық түсім

Мемлекеттік бюджет кірісінің құрылымы, жалпы кірістің %-мен

1.4.2-сурет




2023 жылы мемлекеттік бюджеттің шығындары 2022 жылмен салыстырғанда 24,3%-ға өсті. Шығындар құрамында қорғаныс пен өнеркәсіпке арналған шығыстардан басқа, барлық баптар бойынша шығындар едәуір қарқынмен өсті. Шығындардың өсуінің ең көп үлесі білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік көмек және қамтамасыз ету баптары бойынша байқалды (1.4.2-сурет).

2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің тапшылығы 2,8 трлн теңге

Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы

1.4.3-сурет



2 Мемлекеттік қаржы статистикасының әдіснамасы бойынша


гені немесе ЖІӨ-ге қатысты 2,3%-ды құрады (бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 8,5 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 7,0% болды) (1.4.3-сурет).

2023 жылы Ұлттық қорға түсетін түсімдер (инвестициялық кірістерді есепке алмағанда) 2022 жылмен салыстырғанда 29,2%-ға азайды. Бұл мұнай секторының кәсіпорындарынан түсетін тікелей салық түсімдерінің 28,8%-ға қысқаруына байланысты болды (жергілікті бюджетке есептелетін салықтарды қоспағанда), бұл мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуінен туындады. Қысқару негізінен корпоративтік табыс салығынан түсетін түсімдердің және жасалған келісімшарттар бойынша өнімдердің бөлінісінде Қазақстан Республикасы үлесінің азаюы есебінен орын алды. Сонымен қатар, экспортталатын шикі мұнайға рента салығы мен пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтан түсетін түсімдер қысқарды. Ұлттық қорды басқарудан түскен кірістер 2023 жылы 2,5 трлн теңгені құрайтын пайда (2022 жылы 863 млрд теңге зиян) аймағына өтті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша сыртқы мемлекеттік борыш 7,1 трлн теңгені (15,6² млрд АҚШ долларын) немесе 2022 жылмен салыстырғанда 9,7%-ға төмендеп, ЖІӨ-ге қатысты 5,9%-ды құрады (1.4.4-сурет). Үкіметтің сыртқы борышының жалпы сомасында негізгі үлесті еурооблигациялар, сондай-ақ Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің және Азия даму банкінің сыртқы қарызы құрады. Үкіметтің ішкі борышы ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелердің өсуі есебінен 25,9%-ға өсіп, 2023 жылдың соңында 17,8 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге қатысты 15,0% болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышы

1.4.4-сурет



1.5 Төлем теңгерімі және сыртқы борыш

2023 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы операциялар шоты тапшылықпен қалыптасып, 8,7 млрд АҚШ доллары болды, 2022 жылы ағымдағы шот профициті 7,1 млрд АҚШ доллары болды (1.5-бөлімге 1-қосымша, 1.5.1-кесте). Ағымдағы шоттың оң сальдосының теріс аймаққа өтуі сауда теңгерімінің азаюына байланысты болды.

Сауда теңгерімінің профициті 20,2 млрд АҚШ долларын құрап, 42,4%-ға (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 35,0 млрд АҚШ долларынан) азайды. Профициттің төмендеуі экспорттың қысқаруы аясында тауар импортының ұлғаюымен байланысты.

Төлем теңгерімі бойынша тауарлар экспорты 2022 жылғы 85,6 млрд АҚШ долларынан 2023 жылғы 79,9 млрд АҚШ долларына дейін 6,7%-ға төмендеді. Мұнай және газ конденсаты экспортының (лаг түзетуін ескере отырып) 6,8%-ға немесе 3,1 млрд АҚШ долларына, қара металл экспортының 22%-ға немесе 1,2 млрд АҚШ долларына, түсті металл экспортының 11,1%-ға немесе 0,7 млрд АҚШ долларына, сондай-ақ астық экспортының 1,7%-ға немесе 37,3 млн АҚШ долларына төмендеуі экспорттың төмендеуіне негізгі үлес қосты.

Төлем теңгерімі бойынша тауарлар импорты 2022 жылғы 50,6 млрд АҚШ долларынан 2023 жылғы 59,7 млрд АҚШ долларына дейін 17,9%-ға өсті. Тауарлар импортының ұлғаюы тұтынушылық тауарларды әкелудің 19,6 млрд АҚШ долларына дейін 18,3%-ға, оның ішінде азық-түлік тауарларын әкелудің 4,4 млрд АҚШ долларына дейін 0,9%-ға және азық-түлікке

жатпайтын тауарларды әкелудің 15,2 млрд АҚШ долларына дейін 24,5%-ға өсуімен байланысты.

Аралық тауарларды әкелу 26,6 млрд АҚШ долларына дейін 9,5%-ға өсті, инвестициялық тауарларды (өндіріс құралдарын) әкелу 13,6 млрд АҚШ долларына дейін 34,3%-ға өсті.

Халықаралық көрсетілетін қызметтер теңгерімінің тапшылығы 2022 жылғы көрсеткішке қатысты 16,9%-ға (1,8 млрд АҚШ долларына дейін) ұлғайды. Көрсетілетін қызметтер теңгерімі тапшылығының артуы көрсетілетін қызмет импортының 27,1%-ға өсуімен байланысты. Халықаралық көрсетілетін қызметтер бойынша сыртқы сауда айналымы 28,0%-ға ұлғайып, 22,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Бастапқы кіріс теңгерімінің тапшылығы шамамен 2022 жылғы көрсеткіш деңгейінде қалып, 26,0 млрд АҚШ долларын құрады. Шетелдік тікелей инвесторларға төленетін кірістің төмендеуі есебінен тапшылықтың аздап азаюы орын алды.

Резиденттердің инвестициялық салымдарынан түскен кірістер 2022 жылға қатысты 11,5%-ға ұлғайып, 3,9 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл кірістердің жартысына жуығы елдің ресми резервтерінен (Ұлттық қордың резервтік активтері мен шетелдік активтерінен) түскен кіріске тиесілі, ол 1,8 млрд АҚШ долларына дейін 51,6%-ға өскен.

Бейрезиденттерге төленетін инвестициялық кіріс 28,6 млрд АҚШ долларына дейін 2,3%-ға ұлғайды. Бейрезиденттерге тікелей инвестици-



ялардан төленетін кіріс 2022 жылғы 25,4 млрд АҚШ долларынан 2023 жылы 25,2 млрд АҚШ долларына дейін 1,0%-ға төмендеді.

2023 жылы қаржылық шот бойынша таза келу ағыны (резервтік активтерді есептемегенде) 1,6 млрд АҚШ долларын құрады (2022 жылы 5,9 млрд АҚШ долларының таза кету ағыны орын алды).

2023 жылы шетелдік тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза келу ағыны (теріс сальдо) 2,3 млрд АҚШ доллары болды.

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелердің өсуі 5,3 млрд АҚШ долларын құрады. Резиденттердің шетелдік тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелерінің ұлғаюы бейрезиденттердің кірістерін (тікелей инвесторлардың үлесіне тура келетін бөлінбеген пайда) қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілді. Шетелдік үлестес тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелердің төмендеуі шетелдік тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелердің өсуін ішінара реттеді.

Негізінен Ұлттық қор активтерінің ұлғаюына байланысты портфельдік инвестициялар бойынша капиталдың таза әкетілуі 5,3 млрд АҚШ доллары болды.

«Басқа инвестициялар» бабында көрсетілетін орта және ұзақ мерзімді борыштық құралдар бойынша капиталдың таза әкелінуі 0,2 млрд АҚШ долларында қалыптасты. Капиталдың әкелінуі басқа секторлардың сыртқы қарыздарын тартуымен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша резервтік активтер (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) 35,9 млрд АҚШ долларына бағаланды, бұл тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық импортының 6,0 айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының сыртқы борышы 162,7 млрд АҚШ долларын құрады, оның 8,6%-ын немесе 14,0 млрд АҚШ долларын – мемлекеттік сектордың сыртқы борышы, 6,9%-ын немесе 11,2 млрд АҚШ долларын – «Банктер» секторының сыртқы борышы, 28,2%-ын немесе 45,9 млрд АҚШ

долларын – «Басқалар» секторының тікелей инвестицияларға байланысты емес берешегі, 56,3%-ын немесе 91,6 млрд АҚШ долларын осы сектордың фирмааралық берешегі құрады (1.5-бөлімге 2-қосымша, 1.5.2-кесте).

2023 жылы елдің сыртқы борышының көлемі 2,0 млрд АҚШ долларына ұлғайды (2022 жылы – 3,4 млрд АҚШ долларына төмендеді). Ұлғаю төлем теңгерімінің операцияларына және басқа да өзгерістерге байланысты. Бұл ретте теріс құндық және бағамдық өзгерістер сыртқы борыштың өсуін ішінара теңестірді.

Мемлекеттік сыртқы борыш 1,5 млрд АҚШ долларына қысқарып, 14,0³ млрд АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік сыртқы борыштың төмендеуі бейрезиденттердің портфеліндегі бағалы қағаздар бойынша (рубльдегі және еуроғағы еурооблигацияларды өтеу есебінен), сондай-ақ халықаралық кредиторлардан алынған қарыздар бойынша міндеттемелерді өтеу есебінен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі міндеттемелерінің қысқаруына байланысты. Бұдан басқа, мемлекеттік сектордың сыртқы борышының төмендеуіне Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу ықпал етті, нәтижесінде бейрезиденттердің қолдарындағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2023 жылғы 1 қаңтардағы 214 млн АҚШ долларынан 2024 жылғы 1 қаңтарда 23 млн АҚШ долларына дейін қысқарды.

«Банктер» секторының сыртқы борышы 1,5 млрд АҚШ долларына өсіп, негізінен қазақстандық банктердегі шоттарға бейрезиденттер қаражатының әкелінуі және банктердің басқа да міндеттемелерінің ұлғаюы есебінен 11,2 млрд АҚШ долларын құрады. Банктердің шетелдік қарыздар бойынша міндеттемелерін төмендету және банктердің бұрын шығарылған еурооблигацияларды жоспарлы түрде өтеуі банк секторының сыртқы борышының өсімін ішінара өтеді.

«Басқалар» секторының үлестес емес кредиторлар алдындағы сыртқы борышы жыл басынан бері негізінен қарыздар және сауда кредиттері бойынша міндеттемелердің өсуі есебінен 3,6 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 45,9 млрд АҚШ долларын құрады. Қарыздар бойынша міндеттемелердің өсуі негізінен көлік кәсіпорындарында, металл кендерін өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорындарда және холдингтік компанияларда тіркелді.

3 Сыртқы сектор статистикасының әдіснамасы бойынша (борышты бағалы қағаздар бойынша сыныптау есебінен айырма)

Фирмааралық берешек мұнай-газ және өндіруші сектор кәсіпорындарының, көлік компанияларының топшілік қарыздарын (шетелдік тікелей инвесторлар мен шетелдік тел компаниялардан алынған) өтеуі есебінен 91,6 млрд АҚШ долларын құрап, 1,6 млрд АҚШ долларына қысқарды.

Экономиканың ұлғаюы сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатысты салыстырмалы параметрін 2023 жылғы 1 қаңтардағы 71,1%-дан 2024 жылғы 1 қаңтардағы 62,5%-ға дейін жақсартуға ықпал етті (1.5-бөлімге 3-қосымша, 1.5.3-кесте). Сонымен қатар, сыртқы борыштың ұлғаюы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының азаюымен қатар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортына сыртқы борыш көрсеткішінің 2023 жылғы 1 қаңтардағы 171,7%-дан 2024 жылғы 1 қаңтардағы 177,5%-ға дейін нашарлауына алып келді.

Қазақстанның таза сыртқы борышы жыл басынан бастап 9,0 млрд АҚШ долларына қысқарып, 2023 жылдың соңында 41,8 млрд АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік сектор және «Банктер» секторы қалған әлемге қатысты таза кредитор тұрғысынан (жиынтығында 48,2 млрд АҚШ доллары), ал «Басқалар» секторы және фирмааралық берешек таза борышкер тұрғысынан (90,0 млрд АҚШ доллары) әрекет етеді.

2

Ұлттық Банктің қызметі

2.1 Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

Тәуекелдердің теңгеріміне сүйене отырып, 2023 жылдың бірінші жартысында жоғары инфляция жағдайында Ұлттық Банк дезинфляциялық ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды. Базалық мөлшерлеме 16,75% деңгейінде сақталды (2.1.1-сурет).

2023 жылғы ақпанның қорытындысы бойынша инфляция 21,3% болып, ең жоғары деңгейге жетті. Кейіннен жүргізілген ақша-кредит саясатының, Үкіметпен бірлескен шаралардың және өткен жылдың жоғары базасының нәтижесінде оның біртіндеп төмендеуі басталды.


Инфляцияның динамикасына тұрақсыз инфляциялық күтулер, мемлекеттік шығыстың артуы, ЖЖМ және ТКШ нарығында уақыты келген

реформалардың іске асырыла бастауы түріндегі бірқатар ішкі факторлар әсер етті. Сыртқы факторлар жаһандық инфляцияның біртіндеп баяулауына қарамастан, оның жоғары мәндерде сақталуымен байланысты болды. Тиісінше, факторлардың тепе-теңдігі базалық мөлшерлемені өзгеріссіз деңгейде ұстап тұру қажеттілігін тудырды.

2023 жылдың бірінші жартысының соңына қарай инфляция тәуекелдерінің тепе-теңдігі біртіндеп дезинфляциялық факторларға қарай ауыса бастады. Маусым айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция Ұлттық Банктің болжамды аралығы шегінде қалыптаса отырып, 14,6%-ға дейін төмендеді.

Базалық мөлшерлеменің траекториясы

2.1.1-сурет



Қазақстанның сауда әріптесі болып отырған елдерде инфляцияның төмен болуы және әлемдік азық-түлік бағасы өсуінің баяулауы нәтижесінде сыртқы сектор жағынан қысым біршама әлсіреді. Бұл ретте экономика ішіндегі проинфляциялық қысым сақталып, ол ынталандырушы фискалдық саясатпен, орнықты ішкі сұранысқа, жоғары және тұрақсыз инфляциялық күтулермен, сондай-ақ ЖЖМ мен ТКҚ бағасының өсуімен байланысты болды.

2023 жылдың екінші жартысының басында базалық инфляцияның әлсіз баяулауы және өсіп жатқан инфляциялық күтулер монетарлық саясатты іске асыруда мұқият болуды қажет етті. Дегенмен, нақты инфляцияның баяулауы базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендету үшін кеңістік құра бастады.

2023 жылғы тамызда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 16,5%-ға дейін 25 базистік тармаққа төмендетіп, ақша-кредит саясатын біртіндеп жеңілдетуді бастады. 2023 жылғы қазанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 16%-ға дейін тағы 50 базистік тармаққа төмендетті, қарашада 15,75%-ға дейін қосымша 25 базистік тармаққа төмендетті. Төмендеу кеңістігі 2023 жылдың соңына дейін жылдық инфляцияның динамикалық төмендеуімен және оның төмен болжамдарымен қалыптасты. Бұл ретте Ұлттық Банк бірқалыпты қатаң ақша-кредит шарттарын қолдады, бұл орта мерзімді перспективада 5%-дық мақсатқа жету үшін қажет.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция бір мәнді деңгейге дейін төмендеп, 9,8% болды.

2023 жылы инфляцияның қолданыстағы нысаналы мәндерінің қалыптасқан сыртқы және ішкі жағдайларға сәйкестігін бағалау бойынша жұмыс жүргізілді. Академиялық топ өкілдерін тарту арқылы бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ұлттық Банк 2023 жылғы сәуірде халықаралық ұйымдар мен зерттеу қоғамдастығының, академиялық қоғамдастықтың қатысуымен өткен ғылыми-практикалық конференцияда бағалау нәтижесін ұсынды.

Нәтижесінде 2023 жылғы 5 шілдеде Ұлттық Банк аралық мәндерді нақты деңгейге ауыстыра отырып, орта мерзімді перспективадағы инфляция бойынша жылдық инфляцияны 5%-ға жақын ұстап тұру мақсатын белгілеп, инфляция бойынша бұрын мәлімделген нысананы нақтылады.

Ақша нарығы

2023 жылы ақша нарығы өтімділіктің құрылымдық тұрғыдан артық болуы жағдайында жұмыс істеуін жалғастырып, ол 4,4 трлн теңгеге дейін 18,3%-ға өсті.


2023 жыл бойы Ұлттық Банк өтімділікті реттеуді негізінен қысқа мерзімді ноттарды шығару арқылы жүзеге асырды, оларды бір айға дейінгі айналыс мерзімімен орналастыру бойынша 26 аукцион өткізілді, бұл 2,5 трлн теңге деңгейінде айналыстағы ноттардың орташа көлеміне алып келді.

2023 жылғы 4-тоқсаннан бастап шығарылатын ноттар саны біртіндеп төмендеді, бұл олардың айналыстағы көлемінің жыл соңына қарай 1,2 трлн теңгеге дейін азаюына алып келді. Осының аясында депозиттік аукциондардың үлесі өсті, олардың көлемі 2023 жылғы желтоқсанның соңына қарай 2,5 трлн теңгеге жетті (2023 жылы 2,6 есеге ұлғайды). 2023 жылдың соңындағы өтімділікті алу негізінен депозиттік аукциондармен, депозиттермен, сондай-ақ тұрақты қолжетімді операциялармен жүзеге асырылды (2.1.2-сурет). Тұрақты қолжетімді операциялар шеңберінде биржадан тыс нарықтағы депозиттер бойынша мәмілелер, сондай-ақ РЕПО және валюталық СВОП операциялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында жүргізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция бір мәнді деңгейге дейін төмендеп, 9,8% болды.

Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция

2.1.2-сурет



Ақша-кредит саясатының операциялық шаралары нысаналы пайыздық дәліз ішінде ақша нарығындағы мөлшерлемелердің қалыптасуын қамтамасыз етуге септігін тигізді.


лердің жоғарғы шекке жуық өскені байқалды. Қалған уақытта TONIA мөлшерлемесі базалық мөлшерлемеге жуық немесе оның төменгі шегінде қалыптасты (2.1.3-сурет).

2023 жыл бойы TONIA⁴ ақша нарығының нысаналы мөлшерлемесі 14,75–17,72% аралығы ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде бір күндік РЕПО мәмілелері бойынша мөлшерлеме-

Бір күндік РЕПО сауда-саттығының орташа күндік көлемі бір жылда 932 млрд теңгеге дейін 40,6%-ға өсті (2022 жылы – 663 млрд теңге).

РЕПО нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер

2.1.3-сурет



Ақша нарығының мөлшерлемелері нарығындағы динамика негізінен нарыққа қатысушылардың белсенділігі әсерінен қалыптасты, бұл ретте Ұлттық Банктің қатысу үлесі барынша төмен болды. РЕПО нарығында өтімділікті ұсынудағы негізгі сауда сессиясында Ұлттық Банктің қатысу үлесі ірі қорлар, даму банкі және мемлекеттік компаниялар тарапынан өтімділікті ұсынудың артуы аясында 2022 жылғы 8%-дан 5,6%-ға дейін азайды (2.1.4-сурет).

2023 жылы бір күндік РЕПО қатысушыларының құрылымында өтімділікті орналастырудағы ірі қорлардың, даму банкінің және квазимемлекеттік кәсіпорындардың үлесі 2022 жылғы орта есеппен 31,4%-дан 2023 жылы 36,5%-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар, брокерлер мен инвестициялық компаниялардың үлесі 4,6 пайыздық тармаққа азайып, 2023 жылы жалпы көлемнің орта есеппен 27,7%-на жетті. Екінші деңгейдегі банктердің орташа үлесі аздап

⁴ мемлекеттік бағалы қағаздар қоржынының бағалы қағаздарымен бір күндік РЕПО мөлшерлемесі


ұлғайып, 2022 жылғы 27,9%-бен салыстырғанда 2023 жылы 30,2%-ды құрады.

Өтімділікті тарту бөлігінде екінші деңгейдегі банктердің үлесі 2022 жылғы 44,1%-дан 2023 жылы 27%-ға дейін айтарлықтай қысқарды, ал брокерлік және инвестициялық компа-

ниялардың қатысуы бір жылда орташа есеппен 37,4%-дан 57,5%-ға дейін 20,1 пайыздық тармаққа айтарлықтай өсті. Ұлттық Банктің өтімділікті тартуға қосқан үлесі 2022 жылғы 17,2%-бен салыстырғанда 2023 жылы орташа есеппен 14,3%-ға дейін аздап қысқарды.

2022 жылғы бір күндік РЕПО нарығының құрылымы

2.1.4-сурет



Валюта нарығы

2023 жылы теңгенің айырбастау бағамы жыл қорытындысы бойынша бір АҚШ доллары үшін 454,69 теңгеге дейін 1,7%-ға нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 431,06 теңгеден 482,24 теңгеге дейінгі аралықта қалыптасты.

Теңгенің айырбастау бағамы мұнай бағасының құбылмалылығы, дамыған елдердің орталық банктері жүргізген дезинфляциялық саясат және нарыққа қатысушылардың ақша-кредит саясаты бойынша күтулердің жағдайында қалыптасты. Ішкі детерминанттар тарапынан Ұлттық Банктің жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты, теңгедегі және валютадағы депозиттер арасындағы мөлшерлемелердің жоғары дифференциалы, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына шетелдік инвесторлар қаражатының әкелінуі, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы (қаңтардан тамызға дейін), сондай-ақ Ұлттық Банктің Ұлттық қордың активтерін конвертациялауы бойынша жүргізген операциялары ұлттық валютаны нығайтудың факторлары болды.

Ұлттық Банктің дезинфляциялық ақша-кредит саясаты аясындағы теңгедегі құралдарының тартымдылығының өсуі шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қызығушылығының артуына ықпал етті. 2023 жылдың қорытынды-

сы бойынша бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдары 73 млрд теңгеге ұлғайды.

2023 жылғы қаңтар-тамыз аралығындағы кезеңде ішкі нарықта ұлттық валютаға экспорттық валюта түсімін міндетті түрде сату жөніндегі норманың шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шетел валютасын сатуы да қолдау көрсетті. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жалпы сату көлемі 2,1 млрд АҚШ доллары болды.

Бұл ретте валюта нарығының теңгерімділігіне байланысты және квазимемлекеттік сектор компанияларына валюта ағынын басқару кезінде үлкен мүмкіндіктер беру мақсатында Үкімет 2023 жылғы тамыздан бастап валюта түсімін міндетті түрде сату туралы норманың қолданылуын тоқтатты.


2023 жылы республикалық бюджетті қаржыландыру шеңберінде Ұлттық қордан 4 трлн теңге көлемінде трансферттер бөлінді. 2023 жылғы қазан-желтоқсан аралығындағы кезеңде Үкіметтің шешімі бойынша Ұлттық қордың қаражаты есебінен жалпы сомасы 1,3 трлн теңгеге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акциялары сатып алынды. 2023 жылы Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін трансферттерді қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның акцияларын сатып алу үшін валютаны сату көлемі

9,5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл процесс ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына қолдау көрсетті.

Жалпы алғанда, 2023 жылы Қазақстанның валюта нарығында ұлттық валютаның нығаю

үрдісі басым болды. Жыл бойы валюта нарығы сыртқы күтпеген өзгерістерге тез бейімделіп, құбылмалылықтың бірқалыпты деңгейі кезінде сұраныс пен ұсыныс тұрғысынан теңгерімді болды. Қарастырылып отырған кезеңде Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

АҚШ долларына қатысты теңге бағамының және АҚШ доллары индексінің өзгеруі (2022 жылғы 30 желтоқсан= 100)



Жүргізіліп жатқан бағамдық саясаттың айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында белсенді коммуникациялық саясат, оның ішінде валюта нарығы бойынша талдамалық және ақпараттық материалдарды дайындау жүргізілді. Атап айтқанда, Ұлттық Банк Ұлттық қордың, БЖЗҚ-ның және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның биржалық валюта нарығына қатысуының ай сайынғы болжамдарын жариялай бастады. Қабылданған шаралардың арқасында Ұлттық Банк жүргізіп жатқан саясатқа деген сенімнің артуына қол жеткізілді, бұл өзгермелі айырбастау бағамының режимін нығайтуға ықпал етеді.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамыту

2023 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, кірістіліктің тәуекелсіз қисық сызығын қалыптастыру және мемлекеттік облигациялар нарығының өтімділігін арттыру бойынша жұмыс жалғасты.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде айналыс мерзімі 1 жылдан 15 жылға дейінгі, жалпы көлемі шамамен 5,5 трлн теңгеге (номиналды

құны бойынша) мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды. Мемлекеттік бағалы қағаздардың аукциондық кірістілігі 11,5%–16,7% аралығында өзгерді.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының тәуелсіз облигацияларын дамушы елдер облигацияларының J.P. Morgan индексіне енгізу жұмысын жалғастырды. Мемлекеттік бағалы қағаздарды дамушы елдер облигацияларының GBI-EM индексіне енгізу нарықты дамытудың келесі қадамы болуға тиіс, ол инвесторлар мен халықаралық қорлардың барынша кең ауқымы үшін бағдар болады.

2023 жылы халықаралық инвесторлармен, оның ішінде индекс провайдерімен бейрезиденттердің мемлекеттік борыштың оқшауланған нарығына қызығушылығын арттыруға бағытталған белсенді жұмыс жүргізілді. Шетелдік инвесторлардың оқшауланған нарықтағы жағдай жөнінде хабардар болуын арттыру мақсатында тоқсан сайынғы негізде жарияланатын «Kazakhstan Macro & Market Overview» есебі әзірленді. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы инфрақұрылымды бұдан әрі жақсарту және

шетелдік инвесторлар үшін қолжетімділікті жеңілдету мақсатында Euroclear жаһандық кастодиан жүйесіне есеп айырысуларды енгізу жұмысы жүргізілді. Атап айтқанда, Қазақстанның заңнамасына заңгерлік сараптама өткізуге бастама жасалды.

Бастапқы дилерлер институтын енгізу шеңберінде бастапқы дилерлердің тізімін анықтау мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп мониторингтік кезеңге бастама жасады, оның барысында әзірленген скорингтік модельге сәйкес қатысушылардың қызметі бастапқы, сол сияқты қайталама нарықтарда бағаланды.

2.2 Қаржылық тұрақтылыққа жәрдемдесу

Инфляцияның біртіндеп тұрақтана бастауы және одан кейін ақша-кредит саясатының жеңілдей бастауы аясында 2023 жыл Қазақстанның қаржы секторы үшін кенеттен орын алатын сыртқы және ішкі күтпеген өзгерістерсіз қолайлы болып қалыптасты. Өз кезегінде, Ұлттық Банк, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Үкіметпен бірлесе отырып, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесті.

2023 жыл бойы банк секторының қаржылық жай-күйі өтімділіктің елеулі қоры мен тиісті капиталдандыру, сондай-ақ негізгі көрсеткіштердің өсуінің жалғасуы аясында орнықты болып қалды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша банктердің активтері алғашқы рет 50 трлн теңгеден асып, 15,4%-ға немесе 6,9 трлн теңгеге өсті (2022 жылы 18,4%-ға өсті). Банктердің несие портфелі 29,9 трлн теңге болып, 23,1%-ға немесе 5,6 трлн теңгеге ұлғайды (2022 жылы 20,1%-ға немесе 4,1 трлн теңгеге өсті).

2023 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік портфель (ШОБ қоса алғанда) 16,2%-ға немесе 1,7 трлн теңгеге (2022 жылы 16,7% немесе 1,5 трлн теңге) ұлғайып, 12,5 трлн теңгені құрады. Бұл ретте 2023 жылы банктерге жүргізілген сауал алуға сәйкес ірі бизнес пен ШОБ субъектілері тарапынан кредиттік ресурстарға деген сұраныс түрлі бағытта қалыптасты⁶. Ірі бизнес субъектілері тарапынан сұраныс негізінен кредиттік ресурстардың құнымен шек-

Нарыққа қатысушыларда тиісті ынталандырудың болуы қайталама нарықтың өтімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Мәселен, Bloomberg E-Bond биржадан тыс сауда жүйесінде күн сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 40-тан астам мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша бағаларды белгілеу қолжетімді. Биржалық қайталама нарықтағы өтімділік 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайды. 2023 жылдан бастап «Қазақстанның қор биржасы» АҚ биржалық қайталама нарық бойынша ғана емес, биржадан тыс қайталама нарық бойынша да статистиканы жариялай бастады.

телді, сонымен бірге ШОБ тарапынан сұраныс мемлекеттік бағдарламалар есебінен қолдау тапты. Ірі бизнес субъектілері тарапынан сұраныс негізінен кредиттік ресурстардың құнымен шектелді, ал ШОБ тарапынан сұраныс сақталды және мемлекеттік бағдарламалар есебінен де қолдау тапты. Кейбір банктер онлайн кредиттерді дамыту және қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін бағалау үшін скорингтік модельдерді жетілдіру арқылы ШОБ үшін кредиттік өнімдерді цифрландыруға белсенді түрде көшуді жалғастырды. Бұған Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып жүргізген екінші деңгейдегі банктер мен кредиттік бюроларды заңды тұлғалар, олардың кірістері мен мүлкі туралы мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау жұмысы ықпал етті. 2023 жылы «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның 37 қажетті сервистері интеграцияланып, нарыққа қатысушылардың пайдалануы үшін қолжетімділік берілді.

2023 жылы банктердің жеке несие портфелі 16,7 теңгеге дейін 26,7%-ға (2022 жылы – 31,3%) ұлғайды. Тұтынушылық қарыздар мен тұрғын үй салуға және сатып алуға арналған қарыздар жеке кредиттеудің өсуіне қозғаушы күш болуда. 2023 жылы тұтынушылық қарыздардың өсуі 34,2%-ды (2022 жылы 25,1%-бен салыстырғанда) құрады, бұл көбінесе жоғары сұраныстың, онлайн өнімдерді дамытудың, сондай-ақ банктер тарапынан белсенді маркетингтік ілгерілеудің нәтижесі болып табылады. 2023 жылы тұрғын үй салуға және сатып алуға арналған қарыздардың портфелі 5,4 теңге-

⁵ 100 тармақтан жоғары мән 2022 жылғы 30 желтоқсанмен салыстырғанда белгілі бір кезеңдегі көрсеткіштің өсуін, 100 тармақтан төмен мән – төмендеуді көрсетеді

⁶ Ұлттық Банктің «Банктерге кредиттеу бойынша пікіртерім жүргізу» атты жарияланамы.

ге жетіп, 13,1%-ға (2022 жылы – 39,6%-ға) өсті. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары шеңберінде лимиттерді игеру 2022 жылмен салыстырғанда кредиттеудің осы бағытының бәсеңдеуінің негізгі факторы болды.

Қарыз алушылардың төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптарды біршама күшейтуді және кепілдікті қамтамасыз ету талаптарын біраз жеңілдетуді қоспағанда, банктерді кредиттеу талаптары өткен жылғы деңгейде қалды.

2023 жылы банктердің несие портфелінің сапасы жоғары деңгейде сақталды. 2023 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 49,2 млрд теңгеге немесе 6%-ға ұлғайды (2022 жылы мұндай қарыздардың көлемі 145,8 млрд теңгеге немесе 21,8%-ға ұлғайған). Осылайша, 2023 жылы 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлесі банктердің толық несие портфелінен 2,9%-ға дейін (2022 жылы – 3,4%) төмендеді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптастырылған провизиялардың мөлшері 2023 жылы 3,2%-ға немесе 52,9 млрд теңгеге ұлғайып (2022 жылы провизиялар 232,4 млрд теңгеге немесе 16,5%-ға ұлғайған), 1,7 теңгені құрады. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар бойынша қалыптастырылған провизияларды өтеу коэффициенті 75,9% болды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша заңды тұлғалардың 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздарының үлесі 2023 жылы 0,7 пайыздық тармаққа азайып, банктердің корпоративтік портфелінің 2,3%-ын құрады (2022 жылы үлес 3,4%-дан 3,0%-ға дейін азайған). Корпоративтік сектордың мерзімі өткен берешегінің үлесінің төмендеуі негізінен банктердің несие портфелінде жаңа қарыздардың өсуіне байланысты болды. Бұл ретте, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШОБ субъектілеріне корпоративтік сектордың 90 күннен астам мерзімі өткен барлық берешегінің 84,7%-ы (2023 жылғы 77,49%-ға қарсы) тиесілі.

2023 жылы банктердің жеке портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлесі 2022 жылдың соңындағы 3,7%-бен салыстырғанда 3,4% болды. Алайда, 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істемейтін қарыздардың абсолюттік мәндегі көлемі 81,1 млрд теңгеге ұлғайып, 574,6 млрд теңгені құрады. Осылайша, жеке тұлғалардың мерзімі өткен берешегінің үлесінің төмендеуі негізінен банктердің несие портфеліндегі жаңа қарыздардың өсімімен байланысты болды.

Қаралып отырған кезеңде банктердің міндеттемелері 13,3%-ға немесе 5,3 трлн теңгеге

ұлғайып, 44,6 трлн теңгені құрады. Банктерді қорландыру құрылымы дәстүрлі түрде біршама мөлшерде клиенттердің салымдарынан тұрады, олар 2023 жылдың соңында шамамен 35,1 трлн теңгені немесе банк секторы міндеттемелерінің 78,7%-ын құрады, оның 67,7%-ы мен 25,7%-ы тиісінше мерзімді салымдар мен ағымдағы шоттар болып табылады. Қаралып отырған кезеңде салымдар 11,1%-ға өсті.

Депозиттерді долларландыру 23,2%-ға дейін төмендеді, бұл ретте валюталық құрамдас бөліктің төмендеуі жеке тұлғалардың салымдарындағы сияқты (29,7%-дан 22,4%-ға дейін) заңды тұлғалардың салымдарында да (33,6%-дан 24,3%-ға дейін) орын алды. Кредиттердің долларлану деңгейі 7,7%-ды құрап (2023 жылдың басында 8,1%), төмен болып қалуда. Банк секторының жоғары өтімді активтерінің көлемі 12%-ға ұлғайып, 15 трлн теңгені немесе жиынтық активтердің 29,3%-ын құрады.

Банктердің жиынтық капиталы 31,2%-ға ұлғайып, 6,9 трлн теңге болды. 2024 жылғы 1 қаңтарда k1 капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті – 19,2% (2023 жылғы қаңтарда 18,6%), k2 меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті 21,5% болды (2023 жылғы қаңтарда 21,7%), бұл заңнамада белгіленген нормативтерден (k1 – 5,5%, k2 – 8%) едәуір артық.

2023 жылдың қорытындысы бойынша микроқаржы нарығының өсуі жалғасты. Мәселен, 2023 жылы микроқаржы нарығы субъектілерінің жиынтық активтері 21%-ға өсіп, 2 550,4 млрд теңгені құрады, несие портфелі (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) – 16,9%-ға (2 111,2 млрд теңге), меншікті капитал – 40,4%-ға (869,4 млрд теңге), міндеттемелер 12,9%-ға (1 681 млрд теңге) өсті.

2023 жылы Ұлттық Банк жеке кредиттеудің белсенді өсуін ескере отырып, капиталдың контрциклдік буферін модификациялау тәсілдерін әзірледі. Бұл құрал халықаралық реттеу практикасында кредиттік портфельдің шамадан тыс өсуіне байланысты тәуекелдерді шектеу үшін кеңінен қолданылады. Капиталдың контрциклдік буфері кредитке деген сұраныс артқан, яғни кредиттік портфель немесе оның жекелеген сегменттері шамадан тыс өскен кезеңде банктерге капиталдың қосымша буферін жинақтауға мүмкіндік береді, ол көбінесе жүйелік тәуекелдердің қалыптасуына және жинақталуына алып келеді. Кейіннен сұраныс төмендеген кезеңде капиталдың контрциклдік буферінің босатылуы экономиканы кредиттеуді қысқарту тәуекелін төмендетеді. Зерделенген халықаралық тәжірибе негізінде Ұлттық Банк жеке тұлғаларды кре-

диттеу сегментіне қатысты секторлар бойынша контрциклдік капитал буферін енгізу бойынша ұсыныстарын дайындап, пікірталас құжаты форматында жариялады. Бұл құралды енгізу мүмкіндігін банктер 2024 жылы талқылайды.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ бірлесе отырып, Ұлттық Банк, Үкімет пен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы үш жақты келісімнің 30-тармағын орындау шеңберінде дайындалған халықтың табысы туралы нақтыланған деректер негізінде пилоттық жобаны іске асырды. Зерттеу шеңберінде өңірлер, жас топтары және табыс деңгейлері бойынша бөле отырып, әрбір қарыз алушы деңгейінде халықтың борыштық жүктемесінің микроқұрылымы бағаланды.

Ұлттық валютаға деген сенімді қолдау үшін бір жылдық мерзімге арналған, Ұлттық Банк пен Үкімет 2022 жылғы 23 ақпанда жариялаған Халықтың теңгедегі салымдары бойынша өтемақы (сыйлықақы) төлеу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) 2023 жылы аяқталды. Бұл шарада Бағдарламаның шарттарына сәйкес келетін теңгедегі депозиттер бойынша 10% мөлшерінде біржолғы өтемақыны (сыйлықақы) есептеу көзделген. 2023 жылғы наурызда Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып, төлемдерді жүзеге асыру үшін тепе-теңдік негізінде 306,6 млрд теңге мөлшерінде қаражат аударды. Бағдарламаға 2,6 миллионнан астам адамды қамтыды. Қабылданған шаралар халықтың теңгедегі депозиттерінің қысқаруына және долларланудың өсуіне жол бермей, банктерді қорландырудың тұрақтылығына оң әсерін тигізді.

Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасы (FSAP)

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесе отырып, 2023 жылы ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк жүргізген Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасына (Financial Sector Assessment Programme, FSAP) қатысты.

FSAP елдің қаржы секторына, оның ішінде оның тұрақтылығына, дағдарыс жағдайларына орнықты болуына және халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне тереңдетілген диагностика жүргізуді білдіреді.

FSAP шеңберінде ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк Қазақстанның қаржы секторына қаржылық қа-

уіпсіздік пен дағдарысқа қарсы басқару, Базель комитетінің тиімді банктік қадағалау негізгі қағидаттарын сақтауын бағалау, макропруденциялық саясат, климаттық тәуекелдерді талдау, қор нарығын дамыту және басқалар сияқты бағыттар бойынша бағалау жүргізді.

FSAP нәтижелері бойынша ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк анықталған кемшіліктерді жою және қаржы секторын одан әрі дамыту үшін нақты ұсынымдар берді. Банктердің дәрежелік реттеу практикасын халықаралық ұсынымдар мен қағидаттарға сәйкес келтіру, оның ішінде мемлекеттік (бюджеттік) қаражатты пайдалана отырып сәйкес келтіру, мемлекеттік қолдауды ұсыну қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Үкіметтің және Ұлттық Банктің рөлін қоса алғанда, қаржылық қауіпсіздік желісінің барлық қатысушыларының рөлін нақтылау қажеттілігі атап өтілді. Атап айтқанда, ХВҚ Үкіметтің реттеу процесіне қатысуын күшейту қажет деп есептейді.

ХВҚ Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің макропруденциялық саясатқа қатысты рөлі мен жауапкершілігін нақтылауды ұсынды. FSAP ұсынымдарын назарға ала отырып, Ұлттық Банк «Макропруденциялық саясат туралы» деген құжатты әзірледі, онда макропруденциялық саясатты қалыптастыру, іске асыру және оның коммуникациясы жөніндегі пайым мен тәсілдер қамтылды. Ұлттық Банктің макропруденциялық саясаты Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңесінің шешімімен 2023 жылғы желтоқсанда бекітілді.

Алынған ұсынымдар бойынша жұмысты жалғастыру үшін Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес FSAP ұсынымдарын іске асырудың ведомствоаралық жол картасын бекітті.

Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес (бұдан әрі – Кеңес)

2023 жылы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде Кеңестің 6 отырысы өткізілді, оның шеңберінде 2023 жылы активтердің сапасын бағалау (AQR) мен қадағалап стресс-тестілеу үшін банктердің тізбесін бекіту мәселелері, сондай-ақ банктердің AQR нәтижелері, цифрлық активтерді реттеу бойынша жеке түзету іс-шараларының жоспарларын орындауы туралы ақпарат қаралды, оның шеңберінде тиімді реттеуді енгізу тәсілдерін тұжырымдау бойынша қорытындылар, қаржы секторын, үй шаруашылықтарын, мемлекеттік бағалы қағаз-

дар мен жылжымайтын мүлік нарықтарын және басқа бағыттарды кешенді талдауды қамтитын, 2022 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің, Ұлттық Банктің макропруденциялық саясаты туралы алдын ала тұжырымдар ұсынылды.

Кеңестің жұмысы шеңберінде FSAP бойынша қаржылық қауіпсіздік пен дағдарысқа қарсы басқару желілері және Базель комитетінің тиімді банктік қадағалау негізгі қағидаттарын сақтауы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар, Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының қаржы секторына байланысты тапсырмалары, капиталдың контрциклдік буферіне жүргізілген мониторингтің қорытындылары және секторлар бойынша капиталдың контрциклдік буферін енгізу жөніндегі ұсыныстар да талқыланды.

2.3 Активтерді басқару

2.3.1 Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару


Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері халықаралық нарықтарда жоғары өтімділігі бар Ұлттық Банктің активтерінен қалыптастырылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің жалпы алтын-валюта резервтері 36,0 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2022 жылғы деректермен салыстырғанда 0,9 млрд АҚШ долларына немесе 2,5%-ға көп. Активтердің валютадағы бөлігін ұлғайту Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтерінің көлемінің өсуіне әсер етті. Бұл ретте жыл бойы әртараптандыру мақсатында сыртқы нарықтарда бағалы металды біртіндеп сату жолымен резервтердегі алтынның үлесін азайту жүргізілді, бұл еркін конвертацияланатын валютадағы активтердің көлемінің ұлғаюына алып келді.

2023 жылғы қыркүйекте «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының балама құралдар портфелін қалыптастыру туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 21 тамыздағы №62 және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерінің балама құралдар портфелінің активтерін алып қою туралы» 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №103 қаулыларына сәйкес Ұлттық қордың балама құралдар портфелі қалыптастырылды.

Отырыстардың шеңберінде Ұлттық Банктің Үкіметпен өзара іс-қимылын күшейту мәселелеріне назар аударылды, оның шеңберінде ақпаратпен алмасудың тиімділігін арттырды, ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды, болжам жасау және модельдеу тәжірибесімен және техникаларымен алмасуды, сондай-ақ цифрлық сервистерді біріздендіруді және мемлекеттік органдардың қаржы нарығымен өзара іс-қимылы және Мемлекет басшысының экономиканы кредиттеуді кеңейту жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін инфрақұрылымды құру бойынша бірыңғай тәсілді енгізуді қамтитын бастамалар аталды, онда атап айтқанда, экономиканы кредиттеу, банктер мен кредиттік бюроларды цифрландыру және мемлекеттік ақпараттық сервистермен интеграциялау, синдикатталған кредиттеуді дамыту, АӨК саласында кредиттеу тетіктерін кеңейту және лизингтік қаржыландыруды дамыту үшін банктерді қорландырудың ұзақ мерзімді базасын қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің құрылымы

2.3.1.1-сурет



Бұл ретте 2023 жылғы желтоқсанда алтын-валюта активтерінің балама құралдар портфелінің бір бөлігі кейіннен сатудан түскен қаражатты

инвестициялық портфельге аудару шартымен, 1,3 млрд АҚШ доллары сомасында Ұлттық қорға сатылды, бұл алтын-валюта резервтерінің сомасының ұлғаюына әсер етті.

Алтын-валюта резервтерінің құрылымына ЕКВ-дегі активтер, алтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының СДР-ға номинирленген ХВҚ-ға нетто-талаптары енгізілді. Алтын-валюта активтерінің құрылымына шетел валютасындағы

активтер, алтын, сондай-ақ балама құралдар енгізілді.

Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияға сәйкес жүзеге асырылады, онда активтердің кірістілігін, өтімділігі мен сақталуын мақсатына қарай портфельдерге бөлу көзделген (2.3.1.1-сурет, 2.3.1.1-кесте).

2.3.1.1-кесте. 2023 жылдың қорытындысы бойынша портфельдердің нарықтық құны

Портфель	Нарықтық құны, млрд АҚШ доллары
Алтын портфелі	19,8
Өтімділік портфелі	8,0
Стратегиялық портфель	3,1
Инвестициялық портфель	2,9
Балама құралдар портфелі	1,6
Дамушы нарықтар портфелі	0,2

Қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада активтердің кірістілігін сақтау және ұлғайту инвестициялық портфельдің мақсаты болып табылады. Портфель активтері дамыған елдердің облигациялар нарықтарында орналастырылған және оның мынадай валюталық құрылымы бар: АҚШ долларында – 62,0%, еуроға – 12,5%, британдық фунт стерлингте – 12,5%, Аустралия долларында – 8,0%, Канада долларында – 5,0%.

2023 жылы валюталар қоржынында көрсетілген инвестициялық портфельдің кірістілігі – 5,54%, ал оның эталондық портфелінің кірістілігі 5,13% болды. Нәтижесінде 41,0 базистік тармақ мөлшерінде оң үстеме кірістілік⁷ қалыптасты.

Эталондық портфельдің кірістілігі 6,74% болған кезде АҚШ долларында көрсетілген инвести-

циялық портфельдің кірістілігі 7,16%-ды құрады. АҚШ долларындағы үстеме кірістілік 42,0 базистік тармақ болды.

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада активтердің кірістілігін қамтамасыз ету мен алтын-валюта активтерін әртараптандыру стратегиялық портфельдің мақсаты болып табылады.

2023 жылы стратегиялық портфельдің кірістілігі 7,71% болды (2.3.1.2-сурет). Бұл ретте «Дамушы елдердің облигациялары» мандаты бойынша үстеме кірістілік 60,0 базистік тармақты, «Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік бағалы қағаздар» мандаты бойынша – 52 базистік тармақты құрады.

Стратегиялық портфельдің мандаттары бойынша кірістілік

2.3.1.2-сурет



⁷ Нақты қол жеткізілген кірістілік деңгейі мен эталондық портфельдің кірістілік деңгейі арасындағы айырма.

Дамушы нарықтар портфелінің қаражаты Қытай юаніндегі активтерге инвестицияланды. 2023 жылы портфельдің меншікті валютадағы кірістілігі -2,99% деңгейінде, АҚШ долларындағы кірістілігі 0,96% болып қалыптасты.

Алтын-валюта активтерінің өтімділік портфелі ақша-кредит саясатын іске асыру, өтімділіктің жоғары деңгейін қолдау, сондай-ақ мемлекеттің сыртқы борышына қызмет көрсету мақсатында ақша нарығында операциялар жүргізуге арналған. Үстеме кірістілікті алу өтімділік портфелінің активтерін басқарудың мақсатына жатпайды.

Балама құралдар портфелі ұзақ мерзімді перспективада алтын-валюта активтерінің кірістілігін әртараптандыруға және ұлғайтуға арналған. Оның активтері жекеше капитал, хедж-қорлар, қорлардың қорлары, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым мен акциялар сияқты

2.3.2 Ұлттық қордың активтерін басқару

Ұлттық қордың активтерін басқару кезінде инвестициялық операциялардың негізгі мақсаттары өтімділіктің жеткілікті деңгейін сақтау, ұстап тұру, тәуекелдің тиісті деңгейі кезінде ұзақ мерзімді перспективада кірістілікті қамтамасыз ету болып табылады. Ұлттық қор активтерінің кірістілігін ұзақ мерзімді перспективада қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуын көздейді. Кірістілік Ұлттық қордың базалық валютасы – АҚШ долларымен есептеледі.

Ұлттық қордың негізгі мақсаты мен функцияларына сәйкес оның құрылымын тұрақтандыру және жинақ портфельдері құрайды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қор портфелінің жалпы нарықтық құны 65,7 млрд АҚШ долларын, оның ішінде валюталық портфель көлемі 60,0 млрд АҚШ доллары сомасын құрады.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамындағы тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің нарықтық құны тиісінше 8,2 млрд АҚШ

бағыттар бойынша шетелде инвестициялануы мүмкін. 2023 жылдың қорытындысы бойынша референс-портфель тәсіліне өткен кезден бастап балама құралдар портфелінің кірістілігі референс-портфельдің 6,94%-дық кірістілігі (жылдық мәнде) кезінде 9,47% (жылдық мәнде) деңгейінде қалыптасты.

Алтын портфелі ішкі және сыртқы алтыннан тұрады, портфельдің активтері мерзімі бір жылдан аспайтын депозиттерде де орналастырылады. Халықаралық қаржы нарықтарында валютадағы активтердің тартымдылығы ықтимал төмендеуінен сақтау мен қорғау алтындағы активтерді басқарудың мақсаты болып табылады. 2023 жылы алтын портфелінің АҚШ долларындағы кірістілігі 13,88%-ды құрады. Депозиттерге орналастырылған алтын портфелінің трой унциясындағы кірістілігі 0,16%, АҚШ долларындағы кірістілігі – 13,97% болды.

долларын (13,62%) және 51,8 млрд АҚШ долларын (86,38%) құрады.

Ұлттық қордың активтерін басқару тәсілдерін жетілдіру бойынша Ұлттық Банктің жүйелі жұмысының арқасында 2023 жылдың қорытындысы бойынша 11,38% мөлшерінде рекордтық кірістілікке қол жеткізілді. Бұған қолайлы нарықтық конъюнктура да ықпал етті: активтердің барлық негізгі сыныптары өткен жылы өсуді көрсетті, оның ішінде акциялар нарығында айтарлықтай қалпына келтіру байқалды.

Ұлттық қор ұзақ мерзімді кезеңде кірістілікті қамтамасыз ету мақсатында құрылды, оның қызметінің нәтижелерін де ұзақ мерзімді перспективада бағалаған дұрыс. Мәселен, Ұлттық қор құрылғаннан бастап 2023 жылдың соңындағы кезеңде инвестициялық кіріс 21,3 млрд АҚШ долларын құрады, ал Ұлттық қордың кірістілігі – 111,68%, бұл жылдық мәнде 3,38%-ды құрады (2.3.2.1-сурет).

Ұлттық қордың валюталық активінің АҚШ долларындағы кірістілігі

2.3.2.1-сурет



2023 жылы дербес басқарудағы тұрақтандыру портфелінің активтері ақша нарығының құралдарына және белгіленген кірісі бар бағалы қағаздарға, негізінен АҚШ қазынашылығының бағалы қағаздарына орналастырылды.

2023 жылы тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 5,06%-ды құрады, осы кезеңде эталондық портфельдің (Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index) кірістілігі 5,14% болды. (-)0,09%-бен қалыптасқан теріс үстеме кірістілік пайдаланылатын эталондық портфельдің ерекшеліктеріне байланысты, ол бір бағалы қағаздан тұрады, бұл портфельді айтарлықтай транзакциялық шығасыларсыз дәл репликациялауға мүмкіндік бермейді.


Жинақ портфелінің активтерін басқару 7 мандат шеңберінде: дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, инвестициялық деңгейдегі кор-

поративтік облигациялар, жаһандық акциялар, жаһандық тактикалық бөлу, балама инвестициялар портфелі және алтын портфелі шеңберінде жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының балама құралдар портфелін қалыптастыру туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылғы 21 тамыздағы №62 қаулысына сәйкес Ұлттық қордың жинақ портфелін теңгерімді бөлуге (60% облигациялар, 30% акциялар, 5% алтын, 5% балама құралдар) көшу процесін аяқтау шеңберінде, 2023 жылы Ұлттық Банктің ішкі басқаруындағы Ұлттық қордың жинақ портфелі құрамындағы дамыған елдер облигацияларының қаражаты есебінен Ұлттық Банктің алтын-валюта активтерінің балама құралдары портфелінің 50%-ын сатып алу арқылы Ұлттық қордың балама құралдар портфелі қалыптастырылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордың құрылымы


2.3.2.2-сурет



Жинақ портфельінің кірістілігі 2023 жылы эталондық портфельдің кірістілігі 12,11% болғанда 12,48%-ды құрады. Мәселен жинақ портфельінің үстеме кірістілігі 37 базистік тармаққа жетті.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордың жинақ портфельін* басқару нәтижелері

2.3.2.3-сурет



	Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары	Қытай юаніндегі портфель	Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар	Глобальные акции	Активтерді жаһандық тактикалық бөлу	Балама құралдар	Алтын
■ Портфель	5,53%	7,23%	1,09%	9,70%	24,76%	10,48%	0,67%	13,80%
■ Эталон	5,06%	6,54%		8,87%	24,42%	12,48%		
Үстеме кірістілік	0,47%	0,69%		0,83%	0,34%	-2,00%		

* Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, мандатының құрамындағы алтын портфельінде және Қытай юаніндегі портфельде эталондық портфель жоқ. Балама инвестициялар портфельі үшін эталондық портфель де көзделмеген, бұл ретте оның кірістілігі портфельдің референсіне қатысты бағаланады.

«Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандаты бойынша теріс үстеме кірістілік рецессия мен инфляциялық тәуекелдердің қайта басталуын күту салдарынан басқарушының барынша консервативті аллокациясына байланысты. Сонымен қатар, басқарушы жасанды интеллекті секторын жете бағаламады, онда 7 компания

Америка акциялар нарығының шамамен үштен екі бөлігінің кірістілігін айқындайды.

Балама инвестициялар портфельі құрылған сәттен бастап алдын ала деректер бойынша 2023 жылғы 30 қыркүйекте кірістілік 0,67%-ды құрады. Бұл ретте Ұлттық Банк балама инвестициялардың құрылымы мен есепке алу

ерекшеліктеріне байланысты 2023 жылдың аяғындағы балама инвестициялар портфельінің нарықтық құнын түпкілікті толық қайта бағалау 2024 жылдың бірінші жартысының соңына таман ғана қолжетімді болатынын атап өтеді. Сондықтан балама инвестициялар активтерінің жай-күйі және портфельдің кірістілігі туралы өзекті ақпарат 2024 жылғы 2-тоқсанның соңындағы жағдай бойынша Ұлттық қор активтерін сенімгерлік басқару туралы тоқсан сайынғы есеп шеңберінде инвестициялық есепте көрініс табады.

Ұлттық қорды басқару стратегиясын жетілдіру шеңберінде Ұлттық Банк тәуекелдің тиісті деңгейі кезінде ұзақ мерзімді кірістілікті арттыруға ықпал ететін Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер енгізді, атап айтқанда:

- қаржы нарықтарында туындайтын инвестициялық мүмкіндіктерге жедел ден қоюға байланысты инвестициялық шешімдер қабылдауды жеделдету мақсатында, сондай-ақ процесті бюрократиядан арылту

және оңтайландыру мақсатында бағалы қағаздардың ауқымды индекстерін бекіту,

- корпоративтік облигациялар портфельінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингін ВВ деңгейіне дейін төмендету арқылы корпоративтік облигациялар портфельі құралдарының түрлерін кеңейту, яғни барынша кірісті/тәуекелі бар бағалы қағаздармен толықтыру;
- жеке компаниялардың борыштық капиталына, тікелей кредиттеуге немесе өзге де борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау мақсатында активтердің балама сыныптарының тізімін кеңейту.

Ұлттық Банктің Инвестициялық комитетінің отырыстарында дамушы елдердің мемлекеттік бағалы қағаздар портфельі үшін инвестициялау аралығы 1–10 жыл болатын эталондық портфельден инвестициялау аралығы 1 жыл және одан жоғары болатын эталонға көшу, сондай-ақ дамушы елдердің облигациялар портфельінің құрылымында 20% үлесі бар дамушы елдердің корпоративтік облигацияларын қосу жөнінде шешімдер қабылданды.

2.3.3 Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2023 жылы 3,2 трлн

теңгеге немесе 21,8%-ға ұлғайып, 17,8 трлн теңгені немесе зейнетақы жинақтары көлемінің 99,7%-ын құрады (2.3.3.1-кесте).

2.3.3.1-кесте. Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері инвестициялық портфельінің құрылымы

Атауы	2023 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2023 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	2023 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы құны, млрд теңге	2023 жылғы 1 қаңтардағы үлесі, %	Кезең ішіндегі өзгеріс, %
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	7 268,5	49,7%	8 289,5	46,6%	14,0%
Қазақстан Республикасы эмитенттерінің бағалы қағаздары	2 956,0	20,2%	3 709,0	20,8%	25,5%
Шетел эмитенттерінің бағалы қағаздары	2 808,8	19,2%	3 095,6	17,4%	10,2%
Қазақстан Республикасының банкілеріндегі салымдар	200,4	1,4%	197,2	1,1%	-1,6%
Инвестициялық шоттардағы ақша	27,8	0,2%	108,9	0,6%	291,8%
Сыртқы басқарудағы активтер	1 355,4	9,3%	2 379,0	13,4%	75,5%
Басқа да активтер	4,9	0,0%	26,8	0,2%	447,5%
Жиыны	14 621,9	100,0%	17 806,0	100,0%	21,8%

Зейнетақы активтері нарықтық шарттармен қазақстандық және шетелдік қаржы құралдарының алуан түріне инвестицияланады. Жергілікті бағалы қағаздар нарығында зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған бағыттар шеңберінде инвестицияланады. Ішкі қаржы нарығындағы инвестициялардың жалпы көлемі 1394,4 млрд теңгені құрады.

Шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық портфельді нысаналы стратегиялық бөлуге сәйкес жүзеге асырылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің валюталық портфельінің құрылымы стратегиялық бөлудің мәндеріне сәйкес келеді. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша дамыған елдер облигацияларының үлесі 29,1%-ды, дамушы елдер облигацияларының үлесі 23,0%-ды, корпоративтік облигациялардың үлесі 17,4%-ды, акциялардың үлесі 21,6%-ды құрады.

2023 жыл бойы зейнетақы активтерінің валюталық үлесін кемінде 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында шамамен 2,5 млрд АҚШ доллары көлемінде шетел валютасы кезең-кезеңімен сатып алынды, бұл зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 31,7%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2023 жылы зейнетақы активтерінің кірістілігін әртараптандыру және арттыру мақсатында шетелдік басқарушы компанияларға жалпы көлемі 1930,0 млн АҚШ долларын құрайтын, оның ішінде «Жаһандық акциялар» мандаты бойынша 1010,0 млн АҚШ доллары мөлшерінде,

2.3.4 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Ұлттық Банк инвестициялық процестердің тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған тәуекелдерді басқару тетіктерін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырды.

Есепті кезеңде қаржы активтерінің тәуекелдерін басқару жөніндегі саясаттар мен регламенттер жетілдіріліп, жаңартылды. Жаңартулар бағалы қағаздар мен шетел валютасын басқаруға да әсер етеді және туынды қаржы құралдарын, оның ішінде хеджирлеу стратегиялары шеңберінде пайдаланудың жетілдірілген тәсілдерін қарастырады.

«Инвестициялық деңгейдегі жаһандық корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша 770,0 млн АҚШ доллары мөлшерінде және «Дамушы нарықтардың жаһандық облигациялары» мандаты бойынша 150,0 миллион АҚШ доллары көлемінде қаражат беру жүзеге асырылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша есептелген инвестициялық кіріс 1,6 трлн теңгені құрады. Инвестициялық кірістің негізгі көлемі қаржы құралдары бойынша сыйақы түріндегі кірістерге (88,9%) тиесілі. Зейнетақы жарналарының көлемі 2,2 трлн теңгені құрады.

Қолданыстағы инвестициялық стратегия 2023 жылдың қорытындысы бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің инфляция деңгейінен асып (9,8%), 10,1% мөлшерінде кірістілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2023 жылы Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жеке басқарушы компанияларды зейнетақы активтерін басқаруға тарту мүмкіндігін көздейтін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде тұжырымдамалық ұсыныстар әзірледі, олардың негізгісі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына өздерінің зейнетақы жинақтары сомасының 50%-на дейін жеке басқаруға беру құқығын ұсыну болды.

Жоғарыда көрсетілген басқаруға беру құқығы 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі шеңберінде іске асырылды.

Бұдан басқа, Ұлттық Банктің ішкі портфельін қалыптастырудың негізгі қағидастарын көздейтін құжат әзірленіп, бекітілді. Бұл құжат ішкі портфельді пайдаланудың рұқсат етілген бағыттарын, активтердің рұқсат етілген құрамын айқындайды, шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктерді және Ұлттық Банк басшылығына тұрақты есеп беру тетігін бекітеді.

Стратегиялық бастамаларды іске асыру, сондай-ақ әлеуетті кірістілікті арттыру шеңберінде алтын-валюта активтерінің құрылымына кіретін жекелеген активтердің дюрация көрсеткішін ұлғайту жөнінде шешімдер қабылданды.

Алтын-валюта активтерінің портфельдері бойынша тәуекелдердің параметрлері, сондай-ақ

есепті кезеңнің соңындағы нақты деңгейлер мына кестеде келтірілген:

2.3.4.1-кесте

Портфель атауы	Тәуекелдердің параметрлері	Белгіленген деңгейлер	Нақты деңгейлер
Стратегиялық портфель	95% ықтималдықпен 1 айлық тәуекел кезіндегі шама (Value-at-Risk)	10%	2,39%
Өтімділік портфелі	өтуге дейінгі орташа өлшемді мерзім	1 жыл	0,07 жыл
Инвестициялық портфель	портфель дюрациясының (Duration) эталондық портфель дюрациясынан ауытқуы	+30%/- 40%	-0,78%
	портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуының күтілетін өзгергіштігі (Tracking error)	2%	0,30%

Бұл ретте тәуекел параметрінің нақты деңгейі – алтын-валюта активтерінің барлық портфелі үшін 95% ықтималдықпен 1 жылға тәуекел шамасы (Value-at-Risk) 2023 жылы 13,03%-дан аспады.

Ұлттық Банктің қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар тоқсан сайын есептеледі және олар бойынша 9 «Қаржы құралдары» халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес провизиялар қалыптастырылады. Күтілетін кредиттік шығынды есептеу халықаралық рейтингтік компаниялар тағайындаған қаржы активтерінің кредиттік рей-

тингтеріне және дефолт ықтималдығының тиісті көрсеткіштеріне негізделген. 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындардың мөлшері 20,2 млрд теңгені құрады.

Ұлттық Банк тоқсан сайынғы негізде Қазақстан Республикасының банктері үшін халықаралық рейтингтік агенттіктер белгілеген банктердің қаржылық көрсеткіштерін және кредиттік рейтингтерді бағалау әдіснамасына, сондай-ақ банктердің несие портфельін бағалауға негізделген ішкі кредиттік рейтингтерді белгіледі.

2.4 Төлем жүйесін дамыту

2.4.1 Төлем жүйелері

Қазақстан Республикасының аумағында 19 төлем жүйесі жұмыс істейді, оның ішінде Банкаралық ақша аударымдары жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі Ұлттық Банктің төлем жүйелері болып табылады. Ұлттық Банктің төлем жүйелері Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық валютамен төлемдер жүргізуге бағдарланған және елдегі қолма-қол ақшасыз төлемдердің едәуір бөлігін өңдейді. Нарықта жеке төлем жүйелері де жұмыс істейді, олар карточкалық төлем жүйелерімен және ақша аударымдары жүйелерімен жұмыс істейді.


Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігінің көрсеткіштері олардың үздіксіз жұмысының деңгейі, жүйенің өнімділігі, осы жүй-

елермен өңделетін төлемдердің көлемі болып табылады. Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігінің коэффициенттері олардың үздіксіз жұмысының жоғары деңгейін көрсетеді және Банкаралық ақша аударымдары жүйесі бойынша 2023 жылы орта есеппен – 99,95%-ды, Банкаралық клиринг жүйесі бойынша 99,95%-ды құрады.

2022 жылмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 12,5%-ға (8,2 млн транзакцияға), төлемдер сомасы 24,5%-ға (193,0 трлн теңгеге) ұлғайды (2.4.1.1-сурет). Төлем жүйелері арқылы күніне орта есеппен 4,0 трлн теңге сомасына 300,9 мың транзакция жүргізілді.

Ұлттық Банктің төлем жүйелеріндегі төлемдер ағынының динамикасы

2.4.1.1-сурет



Банкаралық ақша аударымдары жүйесі

2023 жылдың соңында қаржы нарығының барлық инфрақұрылымдық субъектілерін қоса алғанда, 31 қаржы ұйымы Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің қатысушысы болды. 2023 жылы жүйе арқылы 969,3 трлн теңге сомасына 25,5 млн төлем жүргізілді. 2022 жылмен салыстырғанда төлемдер көлемі 24,8%-ға (192,4 трлн теңгеге) ұлғайды, жүйе арқылы өңделген электрондық төлем хабарларының саны 17,0%-ға (3,7 млн транзакцияға) өсті. Банкаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы жүргізілген төлемдер көлемінің ең көп өсуі Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздарымен жасалған операцияларына (2023 жылы 6,1 трлн теңге, 2022 жылмен салыстырғанда 74,4%-ға өсу) және қарыздарға (11,8 трлн теңге, 54,1%-ға өсу) тиесілі.

Негізінен жүйе арқылы қысқа мерзімді салымдармен жасалатын банкаралық операциялар бойынша (43,4%), Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарымен жасалатын операциялар бойынша (төлемдердің жалпы көлемінің 34,0%-ы), тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер (7,9%) және шетел валютасымен және бағалы металдармен жасалатын операциялар бойынша төлемдер (6,9%) жүргізілді.

Банкаралық клиринг жүйесі

2023 жылдың соңында 22 қаржы ұйымы Банкаралық клиринг жүйесінің қатысушысы болды. 2023 жылы жүйе арқылы 11,0 трлн теңге сомаға 48,2 млн электрондық төлем хабарламасы өңделді. 2022 жылмен салыстырғанда клиринг

жүйесіндегі төлем хабарларының саны 10,3%-ға (4,5 млн құжатқа) ұлғайды, төлемдер сомасы 6,5%-ға (669,7 млрд теңгеге) өсті.

2023 жылы Банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлемнің орташа сомасы 2022 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға (8,1 мың теңгеге) төмендеп, 227,9 мың теңгені құрады.

Клиринг жүйесіндегі төлемдердің негізгі көлемі төлемдердің жалпы көлемінде үлесі бар тауарлар мен материалдық емес активтер үшін есеп айырысу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің төлемдеріне – 23,3%, көрсетілген қызметтерге 27,1% тиесілі, бұл ретте қысқа мерзімді салымдармен жасалатын банкаралық операциялар бойынша төлемдер 14,6%-ды құрады.

Халықаралық ақша аударымдары жүйесі

Халықаралық ақша аударымдары жүйелері жеке тұлғалардың банктік шот ашпастан елдер арасында ақшаны жедел жіберуі және алуы үшін қарапайым және қолжетімді арна болып табылады.

2023 жылдың соңында Қазақстанның аумағында 8 халықаралық ақша аударымдары жүйесі: «Золотая корона», Western Union, Contact, Faster, MoneyGram, UPT, Ria Money Transfer және «ЮНИСТРИМ» жұмыс істеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы шетелге жіберілген ақша аударымдарының көлемі 7,1%-ға төмендеді. Шетелге жіберілген бір аударымның орташа сомасы 372,2 мың теңгені құрады.

2023 жылы ақша аударымдарын негізгі алушы елдер Өзбекстан (27,5%), Ресей Федерациясы (25,1%), Түркия (23,1%), Грузия (9,6%) және Қырғызстан (3,4%) болды.

2023 жылы шетелден Қазақстанға аударымдар 2 есеге азайды, ол 2022 жылы Ресейден аударымдардың күрт өсуінен кейін аударымдар динамикасының теңестірілуіне байланысты. Шетелден жасалған бір аударымның орташа сомасы 282,3 мың теңгені құрады.

Түскен аударымдардың негізгі көлемі Ресей Федерациясынан (35,3%), АҚШ-тан (11,0%), Өзбекстаннан (11,0%), Корея Республикасынан (10,7%) және Түркиядан (6,4%) жүзеге асырылды.

Халықаралық ақша аударымдары жүйелерін пайдалана отырып, Қазақстан бойынша аударымдар да 37,5%-ға төмендеді (бір аударымның орташа сомасы – 287,2 мың теңге) (2.4.1.2-сурет), бұл Р2Р аударымдарын қоса алғанда, банктік шоттар арқылы жүргізілетін операциялардың қолжетімділігінің артуымен байланысты.

Ақша аударымдары жүйелері арқылы жүзеге асырылған ақша аударымдары көлемінің өзгеру динамикасы, млрд теңгемен

2.4.1.2-сурет



2.4.2 Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы

Көрсетілетін төлем қызметтерін банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және банктік емес төлем ұйымдары ұсынады.

2023 жылдың соңында айналыста 38,7 млн белсенді төлем карточкасы (бір жылда өсім 15,7%), оның ішінде 33,9 млн бірлік дебеттік карточкалар, 4,5 млн бірлік кредиттік карточкалар, 287,7 мың бірлік кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар және алдын ала ақысы төлен-

ген карточкалар болды. Қазақстанда 18 банк және «Қазпошта» АҚ төлем карточкаларының эмитенттері болып табылады, бұл ретте айналыстағы карточкалардың 66,6%-ы – Visa International, Mastercard, UnionPay International және басқа да халықаралық төлем жүйелерінің карточкалары (2.4.2.1-сурет).


Айналыстағы карточкалардың жалпы көлемінде халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларының үлесі



Төлем карточкаларын пайдалана отырып тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге төлем жасауға арналған инфрақұрылым кеңейтілуде. Төлем карточкаларын төлеуге қабылдайтын сауда кәсіпорындарының (2023 жылы 793 065 кәсіпорын) саны 39,7%-ға өсті. 2023 жылдың соңында Қазақстан Республикасының аумағында:

- 1041884 POS-терминал, олардың ішінде 932 062 сауда орнындағы кәсіпкерлерде 1033 770 POS-терминал (26,8%-ға өсті) (2.4.2.2-сурет);
- 12 649 бірлік банкомат, оның ішінде 60,6%-ы Cash-in функциясы бар банкомат жұмыс істеді.


Кәсіпкерлердегі POS-терминалдар



2023 жылы қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған

транзакцияларының өсімі 30,7%-ды құрады, ақша сомасы бойынша – 31,8% (2.4.2.3-сурет).


Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі



2023 жыл бойы қолма-қол ақшасыз операциялар үлесінің өсуі және қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар үлесі санының,

сол сияқты көлемінің төмендегені байқалды (2.4.2.4-сурет).


Транзакциялардың түрі бойынша жалпы көрсеткіштегі операциялар үлесі, %-бен



2023 жылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген қолма-қол ақшасыз операциялардың саны мен көлемі тиісінше 31,8%-ға және 36,7%-ға өсіп, 141,9 трлн теңге сомасында 11,3 млрд транзакцияны құрады.

2023 жылы төлем карточкалары бойынша қолма-қол ақша беру операцияларының саны 5,2%-ға азайып, 241,1 млн операцияны құрады. 2023 жылы төлем карточкаларын ұстаушылар 23,1 трлн теңгені қолма-қол ақшаға айналдырды (2.4.2.5-сурет).

2023 жылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар көлемінің динамикасы, трлн теңгемен



Қолма-қол ақшасыз операциялар жасаудың неғұрлым сұранысқа ие тәсілі интернет-және мобильді банкинг болып қалып отыр. 2023 жылдың соңында онлайн/мобильді банкингтің белсенді пайдаланушыларының саны 23,0 млн адамды құрады.

миналдары арқылы төлеу, электрондық ақшаны тарату және оларды пайдалана отырып операцияларды өңдеу, интернет және мобильді қосымшалар арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялардың процессингі) тіркеді.


Төлем ұйымдары көрсететін төлем қызметтері

2023 жылдың соңында Ұлттық Банк клиенттерге көрсетілетін төлем қызметтерінің жекелеген түрлерін көрсететін 130 төлем ұйымын (төлем тер-

2023 жылдың қорытындысы бойынша төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген транзакциялар саны 60,2%-ға ұлғайып, 956,7 млн транзакция болды. Бұл ретте 2023 жылдың қорытындысы бойынша операциялар көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 35,0%-ға өсті (2.4.2.6-сурет).

Төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген операциялардың көлемі

2.4.2.6-сурет



Қазақстанда жұмыс істейтін 34 электрондық ақша жүйесінің ішіндегі 30 жүйенің операторы төлем ұйымдары болып табылады, 4 электрондық ақша жүйесінің операторы екінші деңгейдегі банктер және «Қазпошта» АҚ болып табылады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша төлем

ұйымдарының сервистері арқылы 596 млрд теңге сомасына электрондық ақшамен операциялар жүргізілді, бұл барлық жұмыс істейтін электрондық ақша жүйелері айналымының 74%-ын құрайды.

2.4.3 Цифрлық қаржы инфрақұрылымы

Төлем индустриясын дамыту мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасында Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында көзделген инфрақұрылымдық шешімдерді іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Бұл бағдарламада көзделген негізгі жобалар Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын қалыптастырады және ұлттық бөлшек сауда төлем ортасын – Төлем карточкаларының банкаралық жүйесін және Лездік төлемдер жүйесін (ТКБЖ, ЛТЖ) ұйымдастыруға, Open API және Open Banking-ті дамытуға, «Цифрлық теңге» ұлттық цифрлық валютасын құруға, клиенттерді қашықтықтан сәйкестендіру сервисін дамытуға бағытталған.

2023 жылы қаржы нарығының қатысушыларымен бірлесіп қатысушылар санын кеңейте отырып, ТКБЖ, ЛТЖ сервистерінің ауқымын кеңейту жұмысы жалғастырылды.

Қолма-қол ақшамен және екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттарда есепке алынатын қаражатпен (қолма-қол ақшасыз) қатар қолданылатын ұлттық валютаның үшінші (цифрлық) нысаны болып табылатын «Цифрлық теңге» жобасы енгізу бойынша іс-шаралар да жүргізілді. Жобаның архитектурасына екі деңгейлі модель орналастырылған, онда Ұлттық Банк эмиссияны жүзеге асырады және операцияларға цифрлық теңгемен қызмет көрсетуге арналған платформа ұйымдастырады, ал түпкі тұтынушылар – жеке және заңды тұлғалармен қаржы нарығына қатысушылар арқылы өзара іс-қимыл жүргізеді. 2023 жылғы қарашада банктердің қатысуымен

пилоттық режимде «Цифрлық теңге» платформасын іске қосу жүзеге асырылды.

2022 жылы Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі және Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бекіткен Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking-ті дамытудың 2023 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы клиенттің өз бастамасы мен келісімі бойынша қатысушылардың ашық бағдарламалық интерфейстері (API) негізінде бөгде өнім берушілер мен қаржы мекемелері арасында қаржылық және қаржылық емес ақпаратпен стандартталған түрде алмасу үшін Open API және Open Banking платформаларын әзірлеуді және кезең-кезеңімен іске қосуды көздейді. 2023 жылғы 1 қарашада қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп банктік шоттар мен олардағы ақша қалдығы туралы ақпарат алу сценарийін іске асыра отырып, Open API платформасын пилоттық режимде іске қосу жүзеге асырылды.

2023 жылы қаржы нарығына қатысушыларға биометриялық технологияны пайдалана отырып, қаржы ұйымдарының офистеріне бармай-ақ клиенттерді қашықтан сәйкестендіруге мүмкіндік беретін «Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы» (СДАО) сервисінің жұмысы жалғастырылды. 2023 жылы дербес және қаржылық деректерді жинау мен өңдеуге, сондай-ақ жеке тұлға деректерінің дұрыстығын тексеруге берілген келісімдерді басқару сервисін іске асыра отырып сервисті жаңғырту жүзеге асырылды. СДАО сервисіне 76 қаржы ұйымы (16 банк және 60 банктік емес ұйым) қосылған.

2023 жылы сервис арқылы 21,5 миллионға жуық қаржы ұйымдарының сұратуы өңделді.

2023 жылдан бастап алаяқтықпен тиімді күрес жүргізу үшін банктер мен мүдделі мемлекеттік органдар арасында деректермен жедел алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк Антифрод орталығын құруға бастама жасады, оның міндеттері алаяқтық белгілері бар транзакцияларға жедел ден қою, орталыққа қатысушылар арасында нақты уақыт режимінде ақпарат алмасу, алаяқтық операциялары бойынша бірыңғай дерекқор жүргізу болып табылады. Антифрод-орталығын енгізу шеңберінде жұмыс алгоритмі, қаржы нарығына қатысушылар мен мүдделі мемлекеттік органдардың

өзара іс-қимылы, сондай-ақ Антифрод-орталықтың қызметі үшін құқықтық негіз құруды көздейтін қажетті заңнамалық түзетулер әзірленді және келісілді. 2023 жылғы қарашада пилоттың бірінші кезеңі «Ұлттық Банктің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ негізінде 11 банктің қатысуымен іске қосылды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымы қаржылық қызмет көрсетудің сенімділігін, қауіпсіздігін және үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, қаржы нарығының барлық қатысушыларының тиімді өзара іс-қимылына кепілдік бере келе, нарыққа қатысушылардың цифрлық қаржылық өнімдерді және шешімдерді жасауы мен дамытуы үшін негіз қалыптастырады.

2.5 Қолма-қол ақша айналысы


2.5.1 Қолма-қол ақша эмиссиясы және айналысы

Қолма-қол ақшасыз төлемдер инфрақұрылымының белсенді дамуына қарамастан, Қазақстанда айналыстағы қолма-қол ақша сомасының дина-

микасы тұрақты өсуді көрсетіп отыр. Айналыстағы қолма-қол ақшаның орташа жылдық өсу қарқыны соңғы 5 жылда 9,8%-ды құрады және 2023 жылдың соңында айналыстағы қолма-қол ақша сомасы 4,1 трлн теңге болды (2.5.1.1-сурет).

Айналыстағы қолма-қол ақша

2.5.1.1-сурет



Әлеуметтанушылық зерттеу⁸ нәтижелеріне сәйкес қолма-қол ақша бұрынғысынша қазақстандықтардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Мәселен, ел тұрғындарының 60%-ға жуығы әлі де қолма-қол ақшамен есеп айырысады.


2023 жылдың соңында айналыстағы банкноттардың номиналды сомасы 4,0 трлн теңге болды, айналыста жүрген айналыстағы монеталардың номиналды сомасы 97,9 млрд теңгені құрады (2.5.1.2-сурет).

Бұл қолма-қол ақша экономика субъектілері арасында маңызды төлем құралдарының бірі екендігін көрсетеді.

⁸ <https://www.nationalbank.kz/ru/news/sociologicheskoe-issledovanie-o-platezhnyh-predpochteniyah-subektov-ekonomiki>

Айналыстағы банкноттар мен монеталардың үлесі*

2.5.1.2-сурет



* айналыстағы номиналды сомадан

**Коллекциялық және инвестициялық монеталар, сондай-ақ айналыстан алынған қолма-қол ақша

2023 жылы экономиканы банкноттар мен монеталардың талап етілетін номиналдарымен қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк ел өңірлеріне 1753,2 млрд теңге сомасына қолма-қол ақша жеткізді және айналыстағы банкноттардың тиісті сапасын қолдау үшін 1,1 млрд дана банкнотты қайта санады.

Есепті жылы Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресінде Ұлттық Банк ұлттық валюта банкноттарының (номиналдары 500, 1000, 2000, 5 000, 10 000 және 20 000 теңге) жаңа сериясын таныстырды. Ол «Сақтар стилі» элементтеріне негізделген және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап заманауи Қазақстанға дейінгі елдің мұрасын бейнелейді (2.5.1.3-сурет).

«Сақтар стилі» банкноттарының жаңа сериясының дизайны

2.5.1.3-сурет



Халықаралық практикаға сәйкес банкноттардың дизайны жалған ақша жасаудан қорғудың жетілдірілген дәрежелерін енгізу және алдын алу мақсатында кезең-кезеңімен жаңартылып отырады. «Сақтар стилі» жаңа сериясының банкноттары бірнеше жыл бойы біртіндеп айналысқа шығарылатын болады. Осы сериядағы номиналы 5 000 теңгелік алғашқы банкнот

2023 жылғы 25 желтоқсанда ресми түрде айналысқа шығарылды.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк ұлттық валюта – теңгенің 30 жылдығына орай есепті жылы номиналы 10 000 теңгелік банкнотты айналысқа шығарды.

2.5.2 Банкноттар мен монеталардың сараптамасы

2023 жылы Ұлттық Банк 14,9 млн теңге сомасына (2 750 банкнот және 2 монета) 2 752 күмәнді ақша белгісіне сараптама жүргізді. Оның ішінде 463 100 теңге сомасына 104 қолдан жасалған ақша белгісі анықталды, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 17,3%-ға жоғары.

лы: 5 000 теңге – 68 дана (анықталған қолдан жасалған ақша белгілерінің жалпы санының 37,6%-ы), 2 000 теңге – 58 дана (32%), 500 теңге – 26 дана (14,4%) айтарлықтай жиі қолдан жасалды.

2023 жылы ең көп қолдан жасалған банкноттар – 124 дана немесе анықталған қолдан жасалған банкноттардың жалпы санының 68,5%-ы Алматы қаласы мен Алматы облысында анықталды. Қалған өңірлердің үлесіне 57 дана немесе анықталған қолдан жасалған банкноттардың жалпы санының 31,5%-ы тиесілі болды.

2.5.3 Коллекциялық және инвестициялық монеталар, аффинирленген алтынның өлшеуіш құймалары

Есепті жылы Ұлттық Банк КӨКБӨРІ инвестициялық монеталарының жаңа дизайнын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді, онда «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» монеталар сериясының стилистикасы қолданылды. Эксклюзивті дизайн КӨКБӨРІ инвестициялық монеталарын тек инвестициялау тұрғысынан ғана емес, коллекция жинау және сыйға тарту үшін де тартымды ете алады.

2023 жылы www.kazcoins.nationalbank.kz интернет-дүкеннің жетілдірілген платформасы өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Есепті кезеңде интернет-дүкен арқылы 690 мың данадан астам коллекциялық монета өткізілді, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен екі есе артық (281,7 мың дана), жалпы сомасы 1,9 млрд теңгеден асты, бұл 2022 жылдан жеті есе артық (281,7 млн теңге).

Ұлттық валютаның коллекциялық монеталарын шығарудың 2022 – 2023 жылдарға арналған тақырыбына⁹ және Ұлттық Банк Басқармасының 2023 жылға қабылданған қаулыларына сәйкес күміс монеталардың 13 түрі, мельхиор қоспасынан жасалған монеталардың 7 түрі, нейзильбер қоспасынан жасалған монеталардың 5 түрі, сондай-ақ 2023 жылы соғылған 8 айналыстағы монетадан (номиналдары 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 және 200 теңге) тұратын кәдесыйлық блистер жиынтығы айналысқа шығарылды. Осылайша 2023 жылы 387,5 мың дана коллекциялық монета (оның 27,5 мың данасы күмістен, 110,0 мың данасы мельхиор қоспасынан және 250,0 мың данасы нейзильбер қоспасынан), сондай-ақ 30,0 мың дана кәдесыйлық блистерлік айналыстағы монеталар жиынтығы шығарылды.

Халық үшін аффинирленген алтынның өлшеуіш құймаларын сату және сатып алу жөніндегі бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2023 жылы екінші деңгейдегі банктер және банктік емес айырбастау пункттері жалпы салмағы 1 550,9 кг аффинирленген алтынның 38 729 өлшеуіш құймасын өткізді.

Алтын құймалар бес түрлі: 5, 10, 20, 50 және 100 грамм болып беріледі. 2023 жылы сатып алушылар арасында салмағы 100 грамм құйма (2023 жылы жалпы сату көлемінің үлесі 28%-ды құрады), одан әрі 5 грамдық (25%) және 10 грамдық (24%), 50 грамдық (12%), 20 грамдық (10%) құйма неғұрлым танымал болды. Негізінен өлшеуіш құймалар Алматы, Астана және Шымкент қалаларында сұранысқа ие.

⁹ «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының коллекциялық монеталарын шығарудың 2022 – 2023 жылдардағы кезеңге арналған тақырыбын айқындау туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі №83 қаулысы

Алтын құймалар инвестициялау мен ақша жинақтаудың ұзақ мерзімді құралы болып табылады. Аффинирленген алтынның өлшеуіш құймаларын өткізу басталғалы (2 017 жылдан бастап)

халыққа жалпы салмағы 5,4 тонна 151 574 алтын құйма сатылды, кері сатып алуға жалпы салмағы 736,5 килограмм 28 156 өлшеуіш құйма қабылданды.

2.6 Валюталық реттеу және валюталық бақылау

Экспорттық кірістер Қазақстанның ішкі валюта нарығында шетел валютасын ұсынудың негізгі көзі болып табылады, сондықтан валюталық заңнамада экспорттық-импорттық мәмілелерге қатысты ұлттық және (немесе) шетелдік валютаны репатриациялау жөніндегі талап (бұдан әрі – репатриациялау талабы) белгіленген, бұл ретте репатриациялау мерзімі экспорт немесе импорт бойынша валюталық шарт талаптарын негізге ала отырып айқындалады.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында, оның ішінде капиталдың елден заңсыз шығарылуына қарсы іс-қимыл шаралары ретінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетін валюталық бақылау органы ретінде тану және оны репатриациялау жөніндегі талаптың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға тарту жөнінде заңнамалық жұмыс жүргізілді. Осы бастамаларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлескен Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары¹⁰ қабылданды.

Сонымен қатар 2023 жылы валюталық реттеу және бақылау саласындағы заңнаманы жетілдіру және жаңарту жұмысы шеңберінде:

- жүргізілуі Қазақстан Республикасынан ақша шығаруға, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтаруға бағытталуы мүмкін операциялардың тізбесін белгілеу үшін Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларына¹¹ өзгерістер енгізілді;

- әкімшілік деректерді жинау жөніндегі есептердің нысандарын ресімдеу талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларына және Қазақстан Республикасындағы валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларына¹² өзгерістер енгізілді;
- АХҚО қағидаларына¹³ сәйкес операцияларды жүзеге асырудың құқық қолдану практикасын тұжырымдау және АХҚО алаңында жүргізілетін валюталық операциялар жөнінде ақпарат алмасудың тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді, оның ішінде АХҚО-мен бірлесіп АХҚО қағидаларына енгізілетін түзетулер жобасы әзірленді.

2023 жылғы тамызда Үкімет квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 2020 жылы енгізілген ішкі нарықтағы валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сатуы жөніндегі норманың қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданды. Өз кезегінде Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктердің аталған талапты сақтауын бақылау тәртібін қамтамасыз етті.

2023 жылы капитал қозғалысы бойынша валюталық шарттарды есептік тіркеу және шетелдік банктердегі шоттар туралы хабарлама шеңберінде 3 431 есептік нөмір берілді, бұл 2022 жылғы көрсеткіштен 4,2%-ға аз.

2023 жылы Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарын сақтау мәселелері бойынша уәкілетті банктерге тексеру жүргізді. Аумақтық филиалдар экспорттаушылар мен импорттаушылардың репа-

триациялау жөніндегі талаптарды орындауына мониторинг жүргізді, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың валюталық заңнаманың өзге талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырды. Бұзушылықтар анықталған кезде ескертулер немесе айыппұлдар түрінде әкімшілік жазалар қолданылды не анықталған бұзушылықтар бойынша материалдар ведомстволық бағыныстылығы бойынша сот органдарының қарауына жіберілді. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері бойынша репатриациялау жөніндегі талапты орындамағаны үшін материалдар Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің экономикалық тергеу департаменттеріне жіберілді.

2024 жылы Ұлттық Банк валюта нарығының жай-күйіне талдау жүргізу және валюталық операцияларды реттеу әдіснамасын жетілдіру жұмысын жалғастырады. Экспорттық-импорттық валюталық бақылау тетігін жетілдіру жұмысы да, оның ішінде Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасында валюталық бақылау органдары ретінде интеграциялық процестерді жолға қою арқылы жалғасады.

Елден капиталды заңсыз шығаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларға қатысу

2023 жылы Ұлттық Банк өз құзыреті шеңберінде:

- Ведомствоаралық комиссия қабылдаған бірінші кезектегі шаралар жоспарының негізінде Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның¹⁴ жұмысына;
- «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ((бұдан әрі – Қайтару туралы заң) жобасын және онымен бірге жүретін заң жобаларын әзірлеу мен келісуге қатысты.

Қайтару туралы заңды іске асыру үшін мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар әзірлеуге және оларды келісуге де қатысты.

Бұдан басқа, 2023 жылы жүргізілген талдамалық жұмыстардың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігіне сыртқы экономикалық мәмілелерінің арналары бойынша

ақшаны жылыстату типологиялары мен схемаларын кеңейту, сондай-ақ трансшекаралық валюталық операцияларды жүргізу арқылы елден капиталды әкетуге қарсы тиімді іс-қимыл жасау мақсатында операциялардың күдіктілігі белгілерін жаңарту бойынша ұсыныстар жіберді.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ айырбастау пункттерінің қызметін бақылау және қадағалау

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қолма-қол шетел валютасы нарығында 2 147 айырбастау пункті (2023 жылғы 1 қаңтарда – 2 114 айырбастау пункті) жұмыс істеді, олардың 1 618-і (75,36%-ы) (2023 жылғы 1 қаңтарда – 1 645 бірлік) банктік айырбастау пункттері мен «Қазпошта» АҚ-ға, 529-ы (24,64%-ы) (2023 жылғы 1 қаңтарда – 469 бірлік) банктік емес айырбастау пункттеріне тиесілі болды.

2023 жылы халыққа айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетел валютасын нетто-сату шамамен 2 трлн теңгеге тең (2022 жылы – 2,5 трлн теңге) болды, олардың 1,7 трлн теңгесі (2022 жылы – 2,1 трлн теңге) банктік айырбастау пункттері мен «Қазпошта» АҚ арқылы және 0,3 трлн теңгесі (2022 жылы – 0,4 трлн теңге) банктік емес айырбастау пункттері арқылы өткізілді.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша 200 тексерілген қадағалауға алынған субъектілердің (194 – уәкілетті ұйымдар, 6 – екінші деңгейдегі банктер) 111-не қатысты әкімшілік және өзге сипаттағы шаралар қолданылды.

2023 жылы уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары жөніндегі есептілігін жинау және өңдеу бойынша функционал «ҚРСК» ААШЖ жаңа платформасына көшірілді, онда деректерді жүктеу тек қана электрондық форматта жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының қаржылық

10 «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №1 054 бірлескен қаулысы мен бұйрығы

11 «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2 019 жылғы 30 наурыздағы №40 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2 019 жылғы 10 сәуірдегі №64 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі №66 қаулысы

12 «Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздерін мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2 018 жылғы 29 қарашадағы №294 және «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы» 2 019 жылғы 10 сәуірдегі №64 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 27 ақпандағы №8 қаулысы

13 2021 жылғы 10 қарашадағы №6 АХҚО-да валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтер беру қағидалары

14 «Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 маусымдағы №908 Жарлығы

тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы №830 Жарлығын (бұдан әрі – Жарлық) іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Үкіметтің 2023 жылғы 11 шілдедегі №548 қаулысын қабылдады, онда екінші деңгейдегі банктер үшін 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолма-қол Ресей рублін әкету бойынша шектеулер алып тасталды, бұл Ресей рублін қолма-қол ақшасыз нысанға конвертациялау және өздерінің шетелдік банктердегі корреспонденттік шоттарын толықтыру үшін әкету мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, 2023 жылы Қазақстан Республикасынан қолма-қол шетел валютасын, алтынды және басқа құндылықтарды әкетуге қолданыстағы шектеулердің өзектілігі мәселесін талдау шеңберінде Ұлттық Банк:

- екінші деңгейдегі банктердің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол ұлттық валютасын әкетуіне;

2.7. Статистикалық қызмет

Ұлттық Банктің статистикалық қызметі халықаралық стандарттар мен статистиканың түбегейлі қағидаттарына, сондай-ақ шетелдік орталық банктер мен халықаралық статистикалық ұйымдардың деректерімен жұмыс істеу стандарттарына және практикасына негізделеді.

2023 жылы Ұлттық Банк статистикалық жарияланымдардың сапасын арттыру және жарияланатын ақпараттың құрамын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырды. Үкіметтің мемлекеттік органдар деректерінің ақпараттық-талдамалық платформасын қалыптастыру және басқа цифрлық технологияларды, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық шеңберінде енгізу жөніндегі іс-шараларына белсенді түрде қатысты.

Ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығының статистикасы

Экономиканың нақты секторын кредиттеу операцияларын толық статистикалық қамтуды қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру шеңберінде Ұлттық Банк ресми интернет-ресурста

- Ұлттық Банк айналысқа шығарған алтын мен күмістен жасалған инвестициялық монеталарды әкетуге арналған операцияларға рұқсат беру бөлігінде Жарлыққа түзетулер жобасын әзірледі.

2023 жылы Қазақстан Республикасының ЕАТ-тың өзара бағалауынан өтуі және Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдары бойынша оң нәтижелер алу шеңберінде көшпелі кездесулерге қатысты, негіздемелер ұсынылды және Қазақстан Республикасының Өзара бағалау есебінің аралық жобалары жөніндегі халықаралық сарапшы-бағалаушылардың уәкілетті ұйымдарды реттеу мәселелерін қозғайтын түсіндірмелеріне түсіндіру хаттары жіберілді.

ЕАТ-ның өзара бағалау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы үшін стандартты мониторинг рәсімі белгіленді, бұл Ұлттық Банк уәкілетті ұйымдарға қатысты іске асыратын КЖ/ТҚҚ жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ елдің КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнамасының ФАТФ халықаралық стандарттарына айтарлықтай сәйкестігін көрсетеді.

кеңейтілген анықтамадағы экономиканы кредиттеу жөніндегі деректерді ай сайын орналастыруға көшті. Осы өзгерістер микроқаржы ұйымдарының кредиттері бойынша есептік ақпаратты тоқсан сайын жинауды ай сайынғы негізге көшіру жұмыстарының алдында енгізілді.

Пайдаланушылардың қажеттіліктерін негізге ала отырып, жарияланатын статистикалық деректер ауқымын кеңейту мақсатында Ұлттық Банк өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырылатын статистикалық ақпаратты банк секторының (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ) экономиканы кредиттеу жөніндегі талдамалық кестелер блогымен толықтыру бойынша жұмыс жүргізді. Деректер салалық және өңірлік бөліністе, кәсіпкерлік субъектілерінің типтері бойынша және мақсаты (кредиттеу объектілері) бойынша ұсынылған және кредит беру көлемі, олар бойынша орташа өлшемді сыйақы мөлшерлемелері және мерзімі өткен берешек жөніндегі көрсеткіштермен толықтырылған.

Талдамалық деректердің сапасын жақсарту үшін Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсын

да жарияланатын банкаралық нарықтың сыйақы мөлшерлемелері жөніндегі статистикалық ақпаратты және кредиттеу нарығы бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдерін жетілдіру жұмысы жүргізілді. Жаңартылған әдіснама бойынша деректерді жариялауды 2024 жылы бастау жоспарланауда.

2023 жылы Ұлттық Банк статистикалық қызмет мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді талқылауға белсенді түрде тартылды. Атап айтқанда, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бағытталған заң жобасы жөнінде тұжырымдамалық ұсыныстар берді.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп Әкімшілік көрсеткіштердің бірыңғай тізбесін қалыптастыру үшін ведомстволық көрсеткіштер тізбесін және оларды есептеу әдістемелерін дайындау бойынша жұмыс жүргізді.

Еуразиялық экономикалық одақтың Еуразиялық экономикалық комиссиясымен әдіснаманы жақындастыру, деректердің сапасын арттыру және ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығының статистикасы бойынша бекітілген форматтар мен мерзімдерге сәйкес статистикалық ақпаратты ұсыну бөлігінде тұрақты негізде ынтымақтастық жүзеге асырылды.

Статистикалық қызмет шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ қызметінің цифрлық күн тәртібін іске асыру SDMX стандарты негізінде статистикалық ақпарат алмасудың цифрлық технологияларын енгізу арқылы жүргізіледі. Ұлттық Банк Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің орталық банктерінің ішінде алғашқылардың бірі болып ақша-кредит статистикасы жөніндегі есептер үшін SDMX стандартын сынақтан өткізу жұмысына қосылды. 2023 жылы Ұлттық Банк SDMX форматын пайдалана отырып, Еуразиялық экономикалық комиссияға кредиттік нарық және валюта бағамдары бойынша деректерді жіберді, сондай-ақ Статистика жөніндегі консультативтік комитет жанындағы SDMX Еуразиялық тіркелімін құру және жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері үшін ұйымдастырылған семинарға қатысты.

Есептілікті жинау және деректерді тарату бойынша құралдарды дамыту

2023 жылы қаржы нарығы субъектілерінің деректерін жинау мен өңдеудің технологиялық платформаларын дамытуды жалғастырумен қатар әдіснамалық талаптарды оңтайландыру саласында, оның ішінде есептілікті жинау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізе отырып бірқатар іс-шаралар өткізілді.

«Smart Data Ukimet» мемлекеттік ақпараттық-талдамалық жүйесінің порталын дамыту жөніндегі жұмыстар шеңберінде Ұлттық Банк беретін есептердің тізбесін 16 нысаннан 21 нысанға дейін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілді, атап айтқанда соңғы 6 жылдағы тарихи деректерді «Smart Data Ukimet» АТЖ-ға жүктеу жүзеге асырылды.

2023 жылы Ұлттық Банк API сервисі арқылы мүдделі тұлғалардың кең ауқымы үшін қолжетімді машинада оқылатын форматта ашық деректер саласын құру бойынша жұмыстарды бастады, бұл заманауи BI талдау құралдарын және интеграцияның әртүрлі нұсқаларын, оның ішінде мемлекеттік талдамалық жүйелермен бірге қолдану мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ұлттық Банктің Деректер қоймасына транзакциялық деректерді тікелей жүктеуге көшу бойынша жұмыс шеңберінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның операциялары бойынша деректер витриналары кейіннен іске асырыла отырып, өзара іс-қимылдың технологиялық аспектілері мен жобалары пысықталды. Ұлттық Банк пен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ арасында ақпараттық өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойылды.

2023 жыл бойы деректерге негізделген қадағалау құралдарын дамыту шеңберінде Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) және RASS (Risk Assessment and Supervision System) әдіснамаларына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың тәуекелдерін бағалау жүйесінің сапалық көрсеткіштері бар сұрақтар жиынтығының шаблондарын іске асырды. Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жай-күйін тәуекелге бағдарланған қадағалау

мен бағалауға арналған талдамалық кестелерді қалыптастыру және тұрақты түрде жаңарту үшін көрсеткіштері респонденттердің есептілік деректерін және негізгі көрсеткіштерінің есебін қамтитын деректер витринасы әзірленді.

Статистика, талдау, реттеу және қадағалау мақсаты үшін пайдаланылатын деректерге қатысты платформалық тәсілді дамыту мақсатында Ұлттық Банктің Кредиттік тіркелімінің кредиттік ақпарат көрсеткіштерін және Кредиттік бюролардың кредиттік тарих дерекқорын жақындастыру және біріздендіру бойынша жұмыстар жалғастырылды, кредиттік ақпаратты жинау

2.8. Зерттеу қызметі

Ұлттық Банктің зерттеу қызметі шешімдер қабылдау процесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ұлттық Банктің Зерттеу бағдарламасында айқындалған бағыттарға сәйкес Ұлттық Банктің қызметкерлері ғылыми және шолу мақалаларын дайындады, олар ресми сайтта «Зерттеулер» бөлімінде және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» деген мерзімді басылымда жарияланды.

Ұлттық Банктің қызметкерлері ақша-кредит саясатына және оның ұзақ мерзімді стратегиясына арналған бірқатар зерттеулер жүргізді. «Инфляция бойынша нысаналы бағдарларды белгілеу және оларға қол жеткізу мәселелері. Қазақстандағы инфляция бойынша мақсаттың оңтайлы сипаттамаларын таңдау» және «Инфляция бойынша таргет: оны өзгертудің мақсаты мен салдарын тұжырымдау. Халықаралық тәжірибеге шолу» деген жұмыстарда инфляцияның оңтайлы нысаналы деңгейін айқындау жөніндегі зерттеулердің нәтижелері берілді, инфляциялық таргеттеу ендірілген сәттен бастап елдер бөлінісінде инфляция бойынша таргеттерді өзгерту тәжірибесі келтірілді, нысаналы бағдарларды қайта қарау не сақтау бөлігінде бағалау жүргізіліп, негізгі дәлелдер қаралды, сондай-ақ Қазақстанда инфляция бойынша таргетті белгілеу және оған қол жеткізу тәжірибесі талданды.

Инфляцияның тақырыбы және оның сипаты макроэкономикалық саясат тұрғысынан зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы тақырыпқа: «Инфляцияға жанар-жағармай материалдары (ЖЖМ) бағасының өсу әсері: Қазақстан тәжірибесі», «Азық-

үшін бірыңғай көрсеткіштер жиынтығының тұжырымдамасы әзірленді.

2024 жылы Ұлттық Банк қаржы нарығы субъектілерінің дерекқорын, оның ішінде қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органмен, кредиттік бюролармен және қадағалауға алынған ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып дамыту, сондай-ақ деректерді тікелей жүктеу құралдарын дамыту жұмысын жалғастыратын болады, бұл заманауи талдау құралдарын пайдалануға, зерттеулердің тереңдігін ұлғайтуға ықпал етеді және инновациялар мен заманауи реттеу технологияларын қолдануға арналған әлеуетті кеңейтеді.

түлік инфляциясының сұраныс пен ұсыныс факторларына декомпозициясы», «Қазақстан үшін базалық инфляцияны әртүрлі бағалау», «Азық-түлік тауарларының әлемдік және сыртқы сауда бағаларының Қазақстандағы ішкі инфляцияға әсері» атты жұмыстар арналды. Зерттеулер шеңберінде отын бағасындағы күтпеген өзгерістердің инфляцияға тигізетін ықпалының маңыздылығы, ұсынысқа қатысты факторлар үлесінің басым болуына байланысты Қазақстан экономикасы үшін белгілі бір тәуекелдердің болуы анықталды. Базалық инфляцияға алуан түрлі әдістер арқылы баға беріліп, оның басқа макроэкономикалық айнымалылармен байланысы да зерттелді, ішкі нарықтағы азық-түлік тауарларының нақты ұсынысының жоғары сыртқы сұраныс пен оларға қойылған жоғары сыртқы бағалардың салдарынан сыртқы сауда ағындары есебінен тарылғаны туралы тұжырым алынды, бұл отандық өндірістің жеткіліксіз өсу қарқыны кезінде ішкі бағаларға қысым көрсетеді.

Орталық банктің тиімді коммуникациясы және транспаренттілік дәрежесі өзекті зерттеу мәселелерінің бірі болып табылады. 2023 жылы осы тақырып бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілді, атап айтқанда «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің транспаренттілік деңгейін өлшеу және бағалау», «Шет елдердің орталық бантерінің ақша-кредит саясаты жөніндегі шешімдері туралы коммуникациялық саясатына шолу». Осы жұмыстарда орталық бантердің ақша-кредит саясаты жөніндегі шешімдерінің болжамдылығын арттыруға бағытталған негізгі құралдарының бірі ретінде коммуникациялық саясаттың маңыздылығы ашылады, коммуни-

кациялық саясаттың пайдаланылатын арналары сипатталады, транспаренттілік индекстерін құру арқылы Ұлттық Банктің ашықтық деңгейі өлшенеді.

Макроэкономикалық үйлестіру мәселелерін зерделеу аясында: «Қазақстанның фискалдық саясатының параметрлері» және «Қазақстандағы макропруденциялық саясаттың және ақша-кредит саясатының өзара іс-қимылы: мақсаты, құралдары, әсері» атты бірнеше зерттеу жүргізілді. Қазақстанның 2 010 – 2022 жылдар аралығындағы фискалдық саясатының сипаты талданып бағаланды, макропруденциялық және ақша-кредит саясаты құралдарының өзара әсері зерделенді.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау шеңберінде қаржы секторын зерделеуге арналған бірқатар зерттеулер жүргізілді. Жұмыстарда депозиттер нарығында, банктік тұтынушылық кредиттеу нарығында жүйелік тәуекелді интернализациялаудың ендірілген тетігін және жеңілдікпен автокредиттеудің төрт бағдарламасын талдау ұсынылған, банктік емес қаржыландыру нарығының, атап айтқанда микроқаржы ұйымдарының (МҚҰ) негізгі параметрлеріне шолу берілген, жұмыс істемейтін активтерді басқару және оларды қалпына келтіру тиімділігін арттыру институтын құрудың және оның жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесі ұсынылған. Егжей-тегжейлі ақпаратты: «Макропруденциялық құрал ретінде депозиттердің жоғары мөлшерлемелеріне салынатын Пигу салығы: Қазақстан тәжірибесі», «Банктік тұтынушылық кредиттеу нарығына шолу», «Қазақстандағы үй шаруашылықтарын банктік емес қаржыландыруды талдау», «Нашар» банкті қолданудың халықаралық практикасына шолу» және «Жеңілдікпен автокредиттеу нарығын талдау» атты зерттеулерден алуға болады.

Қор нарығына, тәуелсіз әл-ауқат қорларын шолуға және іскерлік белсенділіктің қосалқы индекстеріне арналған жұмыстар да болды. Негізгі тұжырымдар «Монетарлық саясаттың тиімділігін арттырудағы қор нарығының маңызы мен рөлі», «Қазақстанның қысқа мерзімді экономикалық индикаторларының озық қасиеттерін бағалау» және «Тәуелсіз әл-ауқат қорлары: активтердің инвестициялық мақсаттары мен стратегиялық аллокациясы» деген жұмыстар шеңберінде ұсынылған.

Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін талдауға арналған зерттеулер циклі жалғасты. Мәселен, «Қазақстанның төлем теңгерімінің ағымдағы шотына тауарлар импортының ар-

насы арқылы мемлекеттік шығыстардың әсері» деген тақырыптағы жұмыста Қазақстанның төлем теңгерімінің құрылымдық проблемалары сипатталды, республикалық бюджеттің шығыстар бөлігіне шолу ұсынылды, сондай-ақ «екі есе тапшылық» (twin deficits hypothesis) гипотезасын тексеру үшін тауарлар импорты мен мемлекеттік шығыстардың өзара байланысына эмпирикалық бағалау жүргізілді. Жұмыста Қазақстандағы екі есе тапшылық гипотезасы расталады: республикалық бюджет салықтарының нашарлауы тауарлар импорты арнасы арқылы ағымдағы шоттың нашарлауына алып келеді.

2023 жылы пікірталас құжаты жарияланды, оның шеңберінде банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің әдіснамалық ұсынымдарын және осы саладағы басқа реттеушілердің тәжірибесін зерттеу нәтижелері бойынша әзірленген капиталдың контрциклдік буферін және оның кейбір модификацияларын қолдану және енгізу тәсілдері ұсынылды.

Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейіне талдау жүргізілді және жұмыс күшінің құрылымын талдау негізінде жұмыссыздықтың балама көрсеткіші есептелді. Жұмыс аясында Халықаралық еңбек ұйымының зерттеулері шеңберінде зерттелген және сипатталған әдіснама бойынша жұмыссыздықтың бес түрлі көрсеткіші есептеледі. Нәтижелері жұмыссыздықтың барлық балама көрсеткіші ресми статистиканың жұмыссыздық деңгейінен асып түсетінін көрсетеді.

2023 жылы Ұлттық Банк ғылыми қоғамдастықпен бірлесіп «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық шынайылықтың сын-қатерлері» деген тақырыпта III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Іс-шараға Ұлттық Банктің, академиялық қоғамдастықтың, зерттеу орталықтарының, қаржы және халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік институттардың өкілдері, экономика және қаржы саласындағы сарапшылар қатысты. Конференцияда инфляция бойынша нысаналы бағдарларды белгілеу және оларға қол жеткізу мәселелері жөніндегі зерттеулердің нәтижелері ұсынылды, ақша-кредит саясатының ұзақ мерзімді стратегиясы, жаһандық трендтер және олардың Қазақстандағы инфляциялық процестерге әсері, ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттардың өзара іс-қимылы мәселелері талқыланды. Сарапшылар инфляцияның оңтайлы таргетін айқындау және оны тұрақтандыру бойынша макроэкономикалық саясат шаралары туралы өз көзқарастарымен де бөлісті.

Гранттық қаржыландыру тетігі шеңберінде Ұлттық Банк академиялық және ғылыми-зерттеу ортасының субъектілеріне дағдарыстан кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұраныс, сондай-ақ қаржылық алаяқтықпен күрес мәселелерін зерделеуге арналған 4 зерттеу грантын ұсынды.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету және коммуникациялардың тиімділігін арттыру үшін базисөз релиздері, талдамалық және зерттеу материалдары жарияланды. Инфляциялық процестерге әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторларды талдау нәтижелері, сондай-ақ базалық мөлшерлеме деңгейі бойынша шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылған макроэкономикалық параметрлердің болжамдары «Ақша-кредит саясаты туралы баяндама» деген тоқсан сайынғы басылымда көрініс тапты.

Орта мерзімді болжам үшін пайдаланылатын модельді техникаларды жақсарту бойынша жұмыс жалғастырылды. Ұлттық Банкте ХВҚ-ның тарапынан талдау және болжау жүйесін жетілдіру бойынша Техникалық көмек көрсету шеңберінде Тоқсандық болжау моделінің (QPM) теңдеулерін жақсарту және оның параметрлерін нақтылау бойынша жұмыс жүргізілді. Біріншіден, номиналды айырбастау бағамы мен пайыздық мөлшерлемеге арналған теңдеулер инфляцияның нысаналы көрсеткішін нақтылауды есепке алу үшін шамалы ғана өзгертілді. Екіншіден, QPM-де жалпы инфляция көрсеткіші базалық инфляцияға ауыстырылды (инфляция

отын мен реттелетін коммуналдық қызметтерге бағаны есептемегенде), ал отын мен реттелетін коммуналдық қызметтерге бағаның динамикасы жалпы инфляция болжамын қалыптастыру үшін QPM-нен тыс модельдене бастады. Үшіншіден, болжамның нағыз дәлдігін алу үшін теңдеулердің параметрлері мен күтпеген өзгерістердің стандартты ауытқуларының өлшемдері нақтыланды. Осындай өзгерістердің нәтижесінде модельдің болжамды сапасы жақсарды.

Ұлттық Банк қызметкерлері тәжірибе алмасу мақсатында «Нархоз университеті» АҚ және Ломоносов атындағы ММУ-дың Қазақстандық филиалы магистратурасының магистранттары үшін дәрістер мен практикалық сабақтар өткізді. Ұлттық Банк әріптестік пен білімді дамыту бағдарламасы шеңберінде Кореяның Орталық банкімен және Сеул ұлттық университетімен бірлесіп «The Use of Capital Flow Management Tools for Promoting Economic Development of Kazakhstan» тақырыбында бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізді.

2023 жылы ЕАЭО елдерінің орталық банкі қызметкерлерінің өкілдері үшін «Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жүйесі» тақырыбында семинар ұйымдастырылды, онда қаржылық тәуекелдерді талдау және мониторингтеу әдістерінің ерекшеліктері, макропруденциялық саясат, стресс-тестілеу, крипто-активтер, үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесі саласындағы кәсіби білімді жетілдіру сияқты мәселелер қаралды.

2.9 Ақпараттық технологияларды және деректерді қорғау жүйелерін жетілдіру

2.9.1 Ақпараттық технологияларды дамыту

2023 жылы Ұлттық Банк Қаржылық технологияларды және инновацияларды дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдаманы (бұдан әрі – Тұжырымдама) іске асыру жөніндегі жол картасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және басқа да қатысушылармен бірлесіп барлық жоспарланған іс-шараларды орындады. Бұл ретте мынадай іс-шаралардың іске асырылғандығын атап өткен жөн:

- «Бірыңғай электрондық форматта егжей-тегжейлі транзакциялық деректерді автоматты

жинау» бағыты шеңберінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ, БЖЗҚ және KASE-нің қатысуымен деректерді тікелей жүктеуді енгізу бойынша жұмыс жүргізілді;

- «Өзара іс-қимылдың «бірыңғай терезесін» жасау» бағыты бойынша қадағаланатын ұйымдардан деректер жинаудың бірыңғай платформасына көшу, екінші деңгейдегі банктердің есептілігін «матрицалық» нысандардан статистика мен қадағалау мақсаттарын біріктіретін топтастырылған көрсеткіштерді жинауға ауыстыру және екінші

- деңгейдегі банктерден жиналатын статистикалық деректерді әкімшілік деректер санатына ауыстыру бойынша жұмыс аяқталды;
- «Open API енгізудің тәсілдерін айқындау және Open Banking үшін қажетті реттеуші база құру» бағыты шеңберінде Қазақстан Республикасында Open API және Open Banking-ті дамытудың 2023 – 2025 жылдарға арналған тұжырымдамасымен Open API-дің жұмыс істеуі үшін реттеуші ортаны теңестіру жөніндегі шаралар әзірленді және 2023 – 2025 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде іс-шаралар бағытталды.

Ұлттық Банк құқықтық мәселелерді пысықтай отырып және Президенттің 2023 жылғы 7 желтоқсандағы №407 Жарлығымен келісіп, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дербес бақылау-қадағалау функцияларын автоматтандырды қаржыландыру моделін әзірлеу жөніндегі іс-шараларды қосымша жүзеге асырды, тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде бизнес субъектілерін мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесін автоматтандыру жөніндегі жол картасында көзделген Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің іс-шараларының орындалуы қамтамасыз етілді.

Ұлттық Банктің валютаны репатриациялауды бақылау жөніндегі функцияны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (бұдан әрі – Қаржыминінің МКК) беруі бойынша іс-шаралар шеңберінде Ұлттық Банктің ведомстволық ақпараттық жүйесін орталық аппарат пен Қаржыминінің МКК аумақтық ведомстволарының қызметкерлеріне оқыту жүргізе отырып, оған қол жеткізуге мүмкіндік беру үшін дамытуды да қамтамасыз етті.

2023 жылы Ұлттық Банк қызметінің үздіксіздігін және цифрландыруды қамтамасыз ету жұмысы шеңберінде Data Governance қағидаттарын ескере отырып құрылатын Ұлттық Банктің

2.9.2 Деректердің қорғалуын және корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Ұлттық Банк қатерлер мен киберқауіптерге қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ қорғаныс тетіктерін үздіксіз дамыту және ақпараттандыру объектілерін киберқорғауды қамтамасыз етуде кешенді тәсілді қалыптастыру мақсатында Қаржы саласындағы кибероқыс оқиғаларды жинау, мониторингтеу және оларға ден қою жөніндегі бірыңғай технологиялық платформаны (БТП) дамыту тұжырымдамасын бекітті.

Деректер фабрикасының кешенді тәсілі мен жоғары деңгейлі нысаналы архитектурасы мақұлданды, әкімшілік-шаруашылық қызметті, қолма-қол ақша айналысын және персоналды басқаруды автоматтандыру үшін SAP ERP-жүйесін енгізу бойынша жұмыстар басталды, Активтер мен тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша қосымша мамандар бөлу бөлігінде техникалық қолдау және ілеспе қызмет көрсету күшейтілді.

Ұлттық Банктің деректерді өңдеу орталықтары (ДӨО) жұмысының жаңа схемасына көшуді ұйымдастыру мәселесі мақұлданды. Атап айтқанда, 2023 жылы Қосшы қаласындағы ДӨО-ге серверлік және желілік жабдықтар ақпараттық жүйелерді кейіннен орнын ауыстыру және іске қосу арқылы көшірілді.

Ұлттық Банктің аса маңызды инфрақұрылымының регламенті де бекітіліп, ISO20 022 төлемдерінің жаңа стандартына көшу үшін T24 банктік ақпараттық жүйесінің Ұлттық Банктің негізгі есепке алу жүйесіне арналған тиісті функционалдылық және бағдарламалық қамтылымды енгізу аяқталды. Ұлттық валютадағы жергілікті төлемдер бойынша жаңа стандартқа көшу 2024 жылғы 1 шілдеге жоспарланған. «Цифрлық ядро» АЖ модульдерін дамыту және модификациялау бойынша жұмыс жүргізілді, яғни Ұлттық Банктің жұмыс істейтін 9 бизнес-процесі автоматтандырылды.

2023 жылы машина оқитын форматта қаржы нарығының субъектілері үшін Ұлттық Банктің деректеріне қолжетімділікті ұсынуға қажетті Ашық деректер репозиторийін құрудың бірінші кезеңі іске асырылды.

Ұлттық Банктің коллекциялық және инвестициялық монеталарын өткізу бойынша ашық тетікті қамтамасыз ету үшін бизнес талаптарына сәйкес келетін жаңа нұсқадағы интернет-дүкенді іске қосу жүзеге асырылды.

маттандырылған жүйесіне қосу бойынша жұмыс орындалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банкте ақпараттандыру объектілерінің жұмысындағы бұзушылықтарға әкеп соқтырған, іске асырылған кибер оқыс оқиғалар болған жоқ.

2023 жылғы 15 қарашада Қазақстан қаржыгерлерінің XI Конгресі шеңберінде «Цифрлық иммунитет: цифрлық трансформация жағдайындағы қаржы секторының киберорнықтылығы» панельдік сессиясы өткізілді, онда қаржы секторының киберқауіпсіздігінің өзекті сын-қатерлері мен проблемалары, цифрлық трансформация жағдайындағы кибершабуылдарға жедел ден қою және оны болдырмау тетіктері және қаржылық қызметтер көрсету кезіндегі халықтың киберхабардар болуы мәселелері талқыланды.

Ұлттық Банк Қаржы институттарымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Мемлекетаралық банк кеңесі жанындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі сарапшылық топтарға, ЕАЭО-ға қатысушы елдердің орталық банктері жұмыс тобының қаржы нарығының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және компьютерлік шабуылдарға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі отырыстарына, ЕАЭО-ға қатысушы елдердің орталық банктері ұйымдастырған халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысты. ЕАЭО-ның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің дайджестіне ұсыныстар жіберілді, Түркия және Ресей Федерациясы орталық банктерінің өкілдерімен онлайн-кездесулер өткізілді, сондай-ақ халықаралық кибероқу-жаттығуларына қатысу мәселесі пысықталуда.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2024 – 2027 жылдарға арналған Астана қаласындағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисімен бірлескен «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып киберқылмыстылыққа және қылмыстарға қарсы іс-қимылдың тиімді саясатын әзірлеуде Қазақстанға қолдау көрсету» жобасы шеңберінде Киберқылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарын әзірлеп жатқан Ведомствоаралық үйлестіру тобының құрамына енгізілді.

2023 жылы Ұлттық Банк халықтың кибералақтық саласындағы хабардарлығын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастырды, интернет-алақтықтың алдын алу жөніндегі

ақпараттық хабарлар ресми ресурстар мен БАҚ-та жарияланды.

Сонымен қатар, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің террористік тұрғыдан осал объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2022 жылғы 28 қарашадағы №116 қбп қаулысының талаптарына сәйкес Ұлттық Банкте, Ұлттық Банктің тұрақты өкілдігінде, филиалдары мен ұйымдарында нормативтік құжаттар бекітілді, сондай-ақ терроризмге қарсы қорғау саласындағы хабардар болуды арттыру үшін арнаулы және құқық қорғау органдарымен, мамандандырылған ұйымдармен бірлесіп профилактикалық және оқу іс-шаралары өткізілді.

Ұлттық Банктің орталық аппаратында «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша оқыту, азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын даярлау бойынша тактикалық-арнаулы оқу-жаттығулар, өрт болған жағдайда қызметкерлердің эвакуациялық жаттығулары, сондай-ақ объектінің терроризмге қарсы қорғалуын пысықтау жөніндегі іс-шаралар да өткізілді. Қызметкерлерді қорғауды қамтамасыз ету үшін қор құрылып, жеке қорғану құралдары дайын күйінде ұсталады.

Азаматтық қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жұмыс тобына қатысты.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі жанындағы азаматтық қорғау органдарының қызметі мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің жұмысына қосымша қатысты.

2.10 Халықаралық ынтымақтастық

2023 жылы Ұлттық Банк тұрақты диалогты қолдау арқылы негізгі шетелдік әріптестер – орталық банктер, халықаралық қаржы ұйымдары және өңірлік интеграциялық бірлестіктердің органдарымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуды жалғастырды.

2023 жылғы сәуірде және қазанда Ұлттық Банктің басшылығы ХВҚ-ның Басқарушылар кеңесі мен Дүниежүзілік Банк тобының көкемгі және жыл сайынғы кездесулеріне қатысты. Ұлттық Банк делегациясы Халықаралық валюта-қаржы комитетінің (IMFC), Швейцария кіші тобының (Swiss Constituency) отырыстарына, Кавказ, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерінің орталық банктерінің төрағалары мен қаржы министрлерінің алқалық пікірталастарына қатысты.

2023 жылғы 24–25 маусымда Ұлттық Банктің басшылығы Базель қаласында (Швейцария) өткен Халықаралық есеп айырысу банкінің (ХЕБ) жыл сайынғы жалпы жиналысына қатысты. Іс-шара барысында ағымдағы макроэкономикалық жағдай мен қаржы нарықтарының жоғары құбылмалылығы шарттарындағы ақша-кредит саясаты бойынша ХЕБ-ке мүше елдердің шешімдері, сондай-ақ қаржы технологияларын дамыту мәселелері талқыланды.

2023 жылғы маусымда және қарашада Ұлттық Банк ХВҚ-ның Келісім Баптарының IV бабына сәйкес жыл сайынғы негізде жасалатын ХВҚ-ның миссиясын қабылдады. ХВҚ-ның миссиясы сапар қорытындысы бойынша Қазақстанның ағымдағы қаржы-экономикалық дамуына шолу жасады, онда елдің басымдық берілген даму бағыттарының, макроэкономикалық перспективалар мен тәуекелдердің, ақша-кредит саясатының сипаты, сондай-ақ қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету аспектілері қамтылады. ХВҚ жариялаған Қорытынды мәлімдемелерде инфляциялық таргеттеу режимін ұстану, сондай-ақ ақша-кредит саясаты бойынша қабылданатын шешімдерге қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмысын жетілдіру жөніндегі күш-жігері оң бағаланды. ХВҚ миссиясының пікірінше, бейінді емес міндеттерден бас тарту және Ұлттық Банктің тәуелсіздігін нығайту маңызды басымдықтар болып табылады.

2023 жылғы 9 маусымда Алматыда Ұлттық Банк Төрағасының және ХВҚ Басқарушы директоры Кристилина Георгиеваның қатысуымен Алматы

қаласында Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін әлеуетті дамытудың өңірлік орталығының (Техникалық көмек орталығы) салтанатты ашылу рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге өңір елдерінің және ХВҚ-ға мүше басқа елдердің орталық банктерінің, халықаралық қаржы ұйымдарының және бірқатар дипломатиялық миссиялардың басшылары, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Алматыда ХВҚ-ның өңірлік орталығының ашылуы Қазақстан мен ХВҚ арасындағы көпжылдық ынтымақтастықтың нәтижесі болып табылады. 2023 жылы Ұлттық Банктің қызметкерлері Техникалық көмек орталығы ұйымдастырған 17 вебинарға, воркшопқа және 12 зерттеу/талдамалық семинарға қатысты.

2023 жылы Ұлттық Банк басшылығы макроэкономикалық ахуалды, ақша-кредит саясатын, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылау мақсатында Дүниежүзілік Банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдерімен кездесулер өткізді.

2023 жылы Ұлттық Банк шетелдік орталық (ұлттық) банктерден және халықаралық қаржы ұйымдарынан (ХВҚ, ЕҚДБ, АДБ, ХЕБ, ДЭФ) техникалық көмек алу бойынша жұмыс жүргізді. Орталық банк қызметінің мәселелері бойынша, оның ішінде валюталық реттеу және бақылау, тоқсандық болжамдық модельді жетілдіру, соңғы сатыдағы қарыздарды беру тетігі, функцияларға комплаенс, инфляциялық таргеттеу режимі жағдайында коммуникациялық саясатты іске асыру, КЖ/ТҚҚ және басқа да мәселелер бойынша консультациялар жүргізілді. Бұдан басқа, қолма-қол ақша айналысы, орталық банктердің цифрлық валюталарын ілгерілету, зерттеу қызметін дамыту және орталық банктерде бюджет процесін оңтайландыру үшін интернет-алақтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық тәжірибе қаралды.

Ұлттық Банк Өзбекстанның Орталық банкіне Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу мәселелері бойынша, Тәжікстанның Ұлттық банкіне қолданыстағы төлем инфрақұрылымының жұмыс істеуі мәселелері және төлем қызметтері нарығын реттеудің әдіснамалық аспектілері бойынша техникалық жәрдем көрсетті.

Халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл шеңберінде консультациялар өткізілді, олардың қорытындысы бойынша S&P рейтингтік агенттігі болжамды «теріс» деңгейден «тұрақты» деңгейге көтере отырып, Қазақстанның «BBB-» деңгейіндегі тәуелсіз рейтингін растады. Moody's рейтингтік агенттігі тәуелсіз рейтинг бойынша болжамды «оң» деңгейге дейін көтеріп, оны «BAA2» деңгейінде растады. Fitch және АКРА агенттіктері Қазақстанның тиісінше «тұрақты» болжамдары бар «BBB» және «BBB+» деңгейінде тәуелсіз рейтингін растады.

2023 жылы Ұлттық Банк екіжақты ынтымақтастықты дамыту мақсатында Англия, Бразилия, Мажарстан, Германия, Испания, Канада, Корея, БАӘ, АҚШ, Түркия, Швейцария, Египет, Катар, Швеция және ТМД елдерінің орталық банктерінің өкілдерімен кездесулер өткізді. Ұлттық Банк Төрағасының халықаралық қаржы ұйымдарымен және Ұлттық Банктің шетелдік контрәріптестерімен ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында АҚШ-қа, Еуропа елдеріне (Франция, Швейцария, Ұлыбритания) жұмыс сапарлары да ұйымдастырылды, оның шеңберінде орталық банктер мен активтерді басқару жөніндегі жаһандық компаниялардың өкілдерімен кездесулер өткізілді.

2023 жылғы 15 қарашада Алматы қаласында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің айналысқа енгізілуінің 30 жылдығын мерекелеуге орай Қазақстан қаржыгерлерінің XI конгресін ұйымдастырды. Конгресс шеңберінде «Цифрлық теңге» жобасын іске асыру қорытындысымен таныстыру өткізілді, ақша-кредит саясатының, мемлекеттік қаржының, қор нарығы мен инвестициялық мүмкіндіктердің өзекті мәселелері, цифрлық қауіпсіздік пен қаржылық қолжетімділік мәселелері талқыланды.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, қаржы нарығының кәсіби қатысушылары, шетелдік қатысушылар – таяу және алыс шет елдердің орталық банктерінің басшылары, халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері және Ұлттық Банктің серіктестері қатысты.

2023 жылы Ұлттық Банк пен Ресей Федерациясының Орталық банкі арасында жоғары және сарапшылық деңгейде өзара ынтымақтастықтың түрлі мәселелері, оның ішінде елдер арасындағы өзара есеп айырысуларды ұйымда-

стыру бойынша жұмыс кездесулері, консультациялар тұрақты негізде өткізілді.

2023 жылғы мамырда Ұлттық Банктің Төрағасы қырғыз сомының енгізілгеніне 30 жыл толуына орай Қырғыз Республикасының Ұлттық банкі өткізген халықаралық конференцияға қатысып, басқа елдердің орталық банктерінің басшыларымен қатар «Экономиканы трансформациялау жағдайындағы ақша-кредит саясатының рөлі» атты панельдік пікірталас шеңберінде сөз сөйледі.

2023 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банктің басшылығы армян драмасының енгізілгеніне 30 жыл толуына арналған «30 Years of Armenian Dram: Reflecting on the Past and Navigating the New Digital Era» симпозиумына қатысты.

2023 жылғы мамырда және қыркүйекте Ұлттық Банк Төрағасы валюта саясаты жөніндегі консультациялық кеңестердің 24-ші және 25-ші отырыстарына қатысты, олардың барысында ЕАЭО орталық банктерінің бірінші басшылары ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердегі ағымдағы экономикалық жағдай мен ақша-кредит саясатының іске асырылуы туралы пікір алмасты. Осымен бір мезгілде тараптар ұлттық кредиттік рейтингтерді, сондай-ақ жұмыстың басым бағыттарын тану жөніндегі жұмысты жалғастыруға келісті.

2023 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан-Қытай қаржы ынтымақтастығы жөніндегі кіші комитетінің 12-ші отырысы өтті. Кіші комитет отырысының қорытындысы бойынша тараптар ұлттық валютадағы есептік және клирингтік қызметтерді, төлем инфрақұрылымын, қаржы нарықтарын, сондай-ақ екі елде сауда және жобалық қаржыландыруды дамыту саласында өзара іс-қимылды жалғастыруға келісті.

2023 жылғы қарашада Ұлттық Банктің басшылығы Қазақстан-Қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетінің 11-ші отырысына қатысты, 2023 жылғы желтоқсанда «Алматыдағы Қытай сауда-өнеркәсіптік банкі» АҚ (ICBC Almaty) Қазақстандағы юаньмен жасалатын операциялар бойынша клирингтік банк болып тағайындалады.

2023 жылы өңірлік интеграциялық бірлестіктер шеңберінде ұлттық мүдделерді білдіру және қорғау, басшылықтың ЕЭК Кеңесінің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің, Ұлттық төлем жүйелерін дамытуды үйлестіру жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырыстарына қатысуы, ЕЭК-тің бірқатар бағдарламалық құжаттарын келісу жөніндегі жұмыстар жалғастырылды.

Ұлттық Банктің төрағалығымен 2023 жылы ТМД шеңберінде ынтымақтастықты дамыту мақсатында Орталық (ұлттық) банктер басшыларының Еуразиялық кеңесінің 48-ші отырысы (15–16 маусым), Орталық Азия (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) және Әзербайжан (3–4 қазан) елдерінің ұлттық (орталық) банктерінің төлем жүйелерін дамыту мәселелері бойынша өңірлік кездесу (дөңгелек үстел) өткізілді.

2023 жылы Ұлттық Банк және Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясы және Тәжікстан орталық (ұлттық) банктері басшылығының қатысуымен Мемлекетаралық банк кеңесінің төрт отырысы өтті.

Ұлттық Банктің басшылығы Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде ШЫҰ-ға мүше

мемлекеттердің қаржы министрлері мен орталық банктері төрағаларының кездесуіне қатысып, баяндама жасады. Ұлттық Банктің төрағалық етуімен Сарапшылық топтың бірқатар отырыстары өткізілді және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің өзара есеп айырысуында ұлттық валюталардың үлесін біртіндеп ұлғайту жөніндегі жол картасын іске асырудың бірінші кезеңі аяқталды.

2023 жылы халықаралық келісімдердің шарттық-құқықтық базасын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді. Әзербайжан мен Тәжікстанның орталық банктерімен екіжақты өзара іс-қимылды нығайту шеңберінде өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

2.11 Коммуникациялық саясат

2023 жыл бойы Ұлттық Банк коммуникацияның әртүрлі арналары арқылы ашықтық пен транспаренттік принциптерін ұстана отырып, жалпы жұртшылықты, қаржы ұйымдарын, сарапшылар қоғамдастығын өз қызметі туралы хабардар ету жұмысын жалғастырды.

2023 жылы түрлі форматтағы барлығы 300-ден астам ақпараттық материалдар, оның ішінде баспасөз релиздері мен ресми хабарлар, басшылықтың сұхбаттары, Ұлттық Банк қызметінің өзекті мәселелері бойынша сарапшылардың түсініктемелері жарияланған. Негізгі тақырып – ақша-кредит саясаты мәселелері, оның ішінде базалық мөлшерлеме бойынша қабылданған шешімдер бойынша түсініктемелер, Ұлттық Банктің валюта нарығындағы операциялары, ұлттық төлем жүйесін дамыту және «Цифрлық теңге» пилоттық жобасын іске асыру, Ұлттық қордың және БЖЗҚ-ның валюталық активтер портфелін инвестициялық басқару мәселелері болды.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдерді, негізгі макроэкономикалық индикаторлар бойынша болжамдарды және олардың алғышарттарын түсіндіру шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасының баспасөз релиздері мен мәлімдемелері жарияланды. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер гибридік форматта өткізілген және Ұлттық Банктің Youtube-арнасында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған Ұлттық Банк басшылығының брифингтерімен сабақтасып отырды.

Коммуникациялық саясат саласындағы қызметтің тағы бір маңызды бағыты ұлттық валюта – теңгенің 30 жылдығын ақпараттық жариялау болды. Мерейтойлық күнге орайластырылған Қазақстан қаржыгерлерінің конгресіне бұқаралық ақпарат құралдарының 80-нен астам өкілі қатысты. Іс-шара барысында журналистерге «Сақтар стилі» ұлттық валютасы банкноттарының жаңа сериясы және «Цифрлық теңге» жобасын әзірлеу саласындағы жетістіктер таныстырылды. Ұлттық Банк «Теңгеге 30 жыл» деректі фильмін де шығарды – жобада елдің экономикалық қана емес, қоғамдық өмірінің ретроспективасы ұсынылған. Әкімдіктердің қолдауымен Қазақстанның барлық өңірлерінде «Теңге – Тәуелсіздік нышаны» атты ақпараттық науқан да өтті.

Жыл бойы Ұлттық Банктің әлеуметтік желілердегі ресми беттерін дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілді. Жазылушыларға бейне және талдамалық түсіндірмелер, инфографика, қызметтің барлық бағыттары бойынша басты жаңалықтар мен оқиғалар туралы хабарламалар, Ұлттық Банктің коллекциялық және инвестициялық монеталарының жаңа шығарылымдарының бейнетаныстырылымы қолжетімді болды. Ұлттық Банк сарапшыларының қатысуымен түсіндіру форматындағы бейнероликтердің жаңа форматтары енгізілді, «Қарапайым сөзбен/Простыми словами» бейнероликтер сериясы дайындалды. Бейнеролик кең аудиторияға арналған және мынадай: монетарлық саясат мәселелері, сыртқы сауда статистикасын қа-

лыптастыру, икемді бағам қалыптастыру және т.б. кәсіби тақырыптарды қолжетімді түрде ашады.

Ұлттық Банк дәстүрлі түрде барлық танымал әлеуметтік медиада бар. 2023 жылдың соңына қарай ресми аккаунттардың жиынтық аудиториясы 40 мыңға жуық жазылушыны құрады, жарияланымдар әлеуметтік желілердің 100 мыңға жуық пайдаланушысын қамтыды.

Ұлттық Банктің кәсіби аудиториямен және сарапшылар қауымдастығымен коммуникацияларын жақсарту мақсатында медиа және қаржы сарапшыларымен дөңгелек үстелдер өткізілді. Сарапшылар қауымдастығымен диалог және кездесулердің пікірталас форматы реттеуші мен қаржы нарығы арасындағы ақпараттық асимметрияны төмендетеді.

Ұлттық Банк бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді өзара іс-қимылды жалғастыруда: бір жыл ішінде Ұлттық Банктің баспасөз қызметіне қазақстандық және шетелдік БАҚ-тан 400-ге жуық сұрату келіп түсті, ресми түсіндірмелер

жазбаша түрде, сондай-ақ бейнеформатта ұсынылды.

Ұлттық Банк экономика және қаржы нарығы бойынша статистикалық және талдамалық ақпараттың негізгі өнім берушілерінің қатарына кіреді. Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсының аудиториясы 2 миллионға жуық пайдаланушыны құрайды, 2023 жылы парақшаны қарау 11 миллион белгіден асты. Пайдаланушылар барынша жиі қарайтын бөлімдер: «Статистика», «Ақша-кредит саясаты», «Баспасөз орталығы», «Жарияланым», «Зерттеу». 2023 жылғы тамызда Ұлттық Банктің интернет-ресурсы аудиторияға жаңартылған, заманауи дизайнға ұсынылды.

Ұлттық Банк барынша ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында бұдан былай да коммуникация саласында транспаренттілік стандарттарын ұстануды, елдің ақпараттық күн тәртібіне қатысуды және жұртшылықты өз алаңдары мен арналары арқылы реттеуші қызметінің негізгі бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар етуді жалғастырады.



Ұлттық Банктің ұйымдық дамуы

3.1 Адам капиталының ұйымдық құрылымы және дамуы

Ұлттық Банк стратегиялық басымдықтарды, әлемдік практиканы және қызметтің тиісті функционалдық бағыттарын дамыту қажеттілігін негізге ала отырып, өзінің ұйымдық құрылымының тиімділігін арттыру, сондай-ақ Ұлттық Банктің табысты дамуы және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, Ұлттық Банктің институционалдық жадын, сабақтастығын қолдау және кадрлық әлеуетті сақтау үшін айқындаушы фактор ретінде адам

капиталына жағдай жасау арқылы тұрақты түрде жұмыс жүргізеді.

2023 жылдың соңында Ұлттық Банктің құрылымына орталық аппараттың 23 бөлімшесі (21 департамент және 2 дербес басқарма), Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігі, 21 филиал және 2 ведомстволық бағынысты республикалық мемлекеттік кәсіпорны кірді (3.1.1-кесте).

3.1.1-кесте. Ұлттық Банк қызметкерлерінің саны

	Кезең соңындағы саны			
	штат бойынша, бірлік		тізім бойынша, адам	
	2022 жыл	2023 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1	2	3	4	5
Орталық аппарат	832	819	768	807
Өкілдік	54	56	52	58
Филиалдар	1 275	1 286	1 238	1 259
Жиыны:	2 161	2 161	2 058	2 124
Ұлттық Банк ұйымдары (РМК)*	964	752	878	726
Ұлттық Банк бойынша барлығы:	3 125	2 913	2 936	2 850

*2023 жылғы 15 тамыздан бастап «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК акционерлік қоғамға қайта құрылу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты Ұлттық Банк құрылымынан алып тасталды.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің құрамындағы әйелдер саны – 1 270 адамды (60%), оның ішінде орталық аппаратта – 499 адамды (62%), өкілдік-

те – 37 адамды (64%), филиалдарда 734 адамды (58%) құрайды.


Ұлттық Банк басшылығының құрамында басшы әйелдер саны – 205 адамды (49,6%), оның ішінде орталық аппаратта – 85 адамды (43,3%), өкілдікте – 11 адамды (65%), филиалдарда 109 адамды (55%) құрайды.

Орталық аппараттағы Ұлттық Банк персоналының орташа жасы – 38 жасты, өкілдікте – 41 жасты, филиалдарда – 43 жасты құрады.

2023 жылы Ұлттық Банктегі кадрлардың тұрақтамау деңгейі: орталық аппарат бойынша – 7,1%-ды; өкілдік бойынша – 5,3%-ды, филиалдар бойынша 3,6%-ды құрады.

Ұлттық Банк қызметкерлерінің гендерлік құрамы

3.1.1-сурет



2023 жылы Ұлттық Банктің кадр құрамын толықтыру мақсатында Ұлттық Банктің қызметшілері лауазымдарына орналасу үшін біліктілігі жоғары кандидаттар іріктелді, оның қорытындысы бойынша: «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның 15 магистранты және Ұлттық Банктің гранты бойынша оқыған «Нархоз университеті» АҚ-тың 11 магистранты, сондай-ақ шетелдік білімі бар 31 кандидат жұмысқа орналастырылды.

Қазақстан Республикасы үшін кадрлар даярлау, персоналды оқыту және дамыту бағдарламалары

2023 жыл бойы Ұлттық Банк Ұлттық Банкке, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен қаржы ұйымдарына кәсіби кадрларды даярлау бойынша кешенді жұмыс жүргізді.

Ұлттық Банк мынадай білім беру жобаларын үйлестіреді:

- «Назарбаев Университеті» ДБҰ-мен ынтымақтастық шеңберінде MSc in Finance бағдарламасы бойынша оқыту жөнінде шарт жасады және оқуға 13 грант берді; Ұлттық Банктің 3 қызметкері Executive MBA бағдарламасы бойынша оқуға жіберілді;

- «Нархоз университеті» АҚ-пен ынтымақтастық шеңберінде «Қаржылық талдаушы», «Қаржылық тәуекел-менеджмент», «Макро-талдама және болжам жасау» бағдарламалары бойынша оқуға 12 грант бөлді;
- «Astana IT University» ЖШС-мен ынтымақтастық шеңберінде Ұлттық Банктің 11 қызметкері «Қаржылық технология және бизнесті цифрлық трансформациялау» MBA бағдарламасы бойынша оқуға жіберілді;
- «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-мен ынтымақтастық шеңберінде «Макроқаржы және Data Science», «Қаржылық технологиялар», «Қаржылық тәуекел-менеджмент және Data Science» MBA бағдарламалары бойынша оқуға 14 гранд бөлінді.

Ұлттық Банк елдің орталық банкі ретінде алдына қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге тиімді түрде қол жеткізу үшін өзінің адам капиталының кәсіби деңгейін тұрақты түрде қолдап отырады. 2023 жылы Ұлттық Банктің 2 239 қызметкері (оның ішінде қашықтан), оның ішінде: 286 – Ұлттық Банк базасында; 676 – қазақстандық оқу орталықтарында; 1 277 қызметкер шетелде оқып шықты.

3.2 Операциялық тәуекелдерді басқару және комплаенс-бақылау

2023 жылы Ұлттық Банктің 5 бизнес-процесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді. Бағалау қорытындысы бойынша анықталған тәуекелдерді барынша азайту және жекелеген рәсімдерді оңтайландыру үшін ұсынымдар қалыптастырылды. Ұлттық Банктің қызметін бюрократиядан арылту мақсатында Ұлттық Банктің ішкі қызметін оңтайландыру бойынша бірқатар ұсыныстар әзірленді.

Есепті жылы оқыс оқиғалар бойынша, оның ішінде аса маңызды ақпараттық жүйелермен байланысты дерекқорды қалыптастыру бойынша жұмыс жалғастырылды. Жауапты бөлімшелер оқыс оқиғаларды тіркеу, тәуекел көздерін зерделеу, олардың қайталану ықтималдығын жою және барынша азайту бойынша тиісті жұмыс жүргізді. SWIFT бағдарламалық-аппараттық кешенінің өзін-өзі аттестаттау нәтижелеріне жыл сайынғы тәуелсіз бағалау жүргізілді.

Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және Ұлттық Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық тәжірибе зерделеніп, тиісті нормативтік-құқықтық актілер қайта қаралды.

2023 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау және оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу мақсатында Ұлттық Банктің жекелеген аумақтық филиалдарының қызметіне талдау жүргізілді. Ішкі талдау қорытындысы бойынша Ұлттық Банк бөлімшелерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұлттық Банктің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Ұлттық Банктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының талаптарын сақтау қажеттілігі туралы хабардар ету бойынша профилактикалық сипаттағы жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шарттарын және әдеп нормаларын сақтау қажеттілігін еске салатын хабарламалар тұрақты түрде жіберілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына тұрақты мониторинг жүргізу мақсатында «anticorruption@nationalbank.kz» электрондық поштасының және Ұлттық Банктің қызметкер-

лері жол берген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және олардың қызметінде орын алған мүдделер қақтығысы туралы дауыстық хабарлар алу үшін «сенім телефоны» сервисінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Осы арналар арқылы Ұлттық Банк қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері не әдеп нормаларын бұзғаны туралы шағымдар түскен жоқ.

2023 жылы Ұлттық Банк жүйесі қызметкерлерінің әрекеттерін (әрекетсіздігін) бақылау шеңберінде Ұлттық Банктің шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар уәкілетті ұйымдардың қызметін қандағалауына және бақылауына байланысты 12 шағым қаралды. Өтініш берушілердің құқықтарын бұзу және мүдделеріне қысым жасау анықталған жоқ.

Ұлттық Банк сатып алу порталында Ұлттық Банктің уәкілетті бөлімшелері жүзеге асыратын сатып алу процестерін тұрақты бақылау мен талдау мақсатында сатып алу мониторингін жүйелі негізде жүргізеді. Есепті кезеңде жалпы сомасы 8 млрд теңгеден астам 49-дан аса сатып алуға мониторинг жүргізілді.

Заңсыз кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл рәсімдерін жетілдіру мақсатында тиісті бағдарламалық қамтылымды берушілерді талдау бойынша жұмыс жүргізілді, сондай-ақ халықаралық сарапшылармен кездесулерге, Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының Орталық Азиядағы Өңірлік өкілдігімен болған консультацияларға қатысты, КЖТҚҚ бойынша сұрақтар туындаған кезде Ұлттық Банктің бөлімшелері мен аумақтық филиалдары үшін консультациялық көмек тұрақты негізде көрсетіліп отырды.

Ұлттық Банк қызметкерлерін комплаенс бағалауды жүргізу тәртібі бекітілді, онда Ұлттық Банктегі мүдделер қақтығысын реттеу тәртібі мен шарттары, сондай-ақ комплаенс тәуекелдеріне барынша ұшырайтын лауазымдар санаттарын қоса алғанда, қызметкерлерді комплаенс бағалау қамтылады.



3.3 Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

2023 жылы Ұлттық Банк 198 мемлекеттік қызмет (электрондық нысанда) көрсетті, оның ішінде:

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдарының тізіліміне енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 96;
- «Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша 102 қызмет көрсетті.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер заңнаманың, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелерін регламенттейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде көрсетілді.

2023 жылы Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардан шағымдар келіп түскен жоқ.

Уәкілетті органдар (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасы»

бағыты бойынша жүргізген Ұлттық Банк қызметінің тиімділігін бағалау екі жыл қатарынан (2021 және 2022 жылдары) мүмкін болатын 100 балдың 100 балын құрады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын ішкі бақылау шеңберінде Ұлттық Банктің 5 аумақтық филиалына қатысты 5 бақылау іс-шарасы өткізілді. Бақылау іс-шаралары белгіленген мерзімде бекітілген кестеге сәйкес толық көлемде өткізілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып, оларды көрсету жағдайлары, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан Ұлттық Банктің мемлекеттік көрсетілген қызметтерінің сапасына шағымдар анықталған жоқ.

Нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бизнес-процестерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасының қоғамдық мониторингінің қорытындыларын талдауды қамтитын мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингі тоқсан сайынғы негізде жүргізілді.

3.4. Ішкі аудит

Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарындағы ішкі аудит саласындағы озық тәжірибелерге сәйкес ішкі аудит жүргізудің бірыңғай стандарттары енгізілді.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарының директорлар кеңесі жанындағы Аудит комитеттерінің отырыстарына Ұлттық Банктің Ішкі аудит департаментінің өкілдерін тартудың жаңа практикасы енгізілді. Бұл практика ішкі аудит институтын және Ұлттық Банктегі корпоративтік басқару жүйесін дамытуға қосымша серпін берді.

Алғаш рет «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның ішкі аудит қызметімен бірлесіп синергетикалық аудит жүргізілді, оның қорытындысы жоғары нәтижелілікті көрсетті.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтері қызметкерлерінің білімін, дағдылары мен құзыреттерін арттыру мақсатында тәуекелге бағдарланған аудит, тәуекел-менеджментті бағалау, IT және HR аудит мәселелері бойынша күндізгі семинар ұйымдастырылды және өткізілді, ал жұмысқа жаңадан қабылданған аудиторлар алдыңғы қатарлы практиканы енгізу үшін Ұлттық Банкте тағылымдамадан өтті.

2023 жылы Астана қаласында орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесі жанындағы аудиторлық қызмет жөніндегі консультативтік кеңестің (Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Қазақстан

Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі) 11-ші отырысы өтті.

Консультативтік кеңес отырысының қорытындысы бойынша қатысушылар орталық (ұлттық) банктердің ішкі аудит қызметтерінің ішкі аудит және тәуекелдерді басқару саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, ішкі аудит жұмысының әртүрлі аспектілері бойынша тәжірибе алмасу, сондай-ақ өз қызметіне ішкі аудиттің үздік тәжірибелерін енгізу жөніндегі белсенді жұмысын атап өтті.

Аталған ішкі аудит іс-шаралары Ұлттық Банктің ішкі процестерінің айқындылығын жетілдіруге және нығайтуға, сондай-ақ Ұлттық Банктің стратегиялық және функционалдық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесуге бағытталған.

Ұлттық Банктің ішкі аудитінің құндылығы бизнес-процестерге қатысу және оларды жетілдіруге және халықаралық сертификаттардың (CIA, CFA, CIMA, ICFM, DiplFR) жоғары білікті мамандары жүзеге асыратын тиімді әдістер мен озық тәжірибелерді таратуға ықпал ететін консультант рөліндегі проактивті ұстанымы болып табылады.

1.5-бөлімге 1-қосымша

Таблица 1.5.1 Платежный баланс Республики Казахстан:
аналитическое представление

млн долларов США

	2022	2023	2023			
			I	II	III	IV
Ағымдағы операциялар шоты	7 054,4	-8 658,4	-1 621,4	-3 352,8	-1 591,6	-2 092,5
Сауда теңгерімі	34 997,2	20 168,4	5 183,2	4 383,0	5 163,5	5 438,7
Экспорт	85 630,4	79 879,4	19 126,4	19 867,8	20 427,9	20 457,2
Импорт	50 633,3	59 711,0	13 943,2	15 484,8	15 264,4	15 018,6
Көрсетілетін қызметтер теңгерімі	-1 550,1	-1 812,4	-391,5	-625,2	-506,3	-289,4
Экспорт	7 967,9	10 288,0	2 209,7	2 614,9	2 776,5	2 686,9
Импорт	9 518,1	12 100,4	2 601,1	3 240,1	3 282,8	2 976,4
Бастапқы кірістер теңгерімі	-25 552,8	-25 994,0	-6 214,4	-6 789,4	-6 000,8	-6 989,3
Еңбекке ақы төлеу (нетто)	-1 283,9	-1 492,2	-298,9	-386,9	-385,5	-420,8
Инвестициялық кірістер	-24 404,1	-24 636,9	-5 949,2	-6 436,2	-5 649,1	-6 602,4
Алынатын кірістер	3 540,7	3 949,6	765,0	1 073,3	1 048,1	1 063,2
Тікелей инвестициялардан алынатын кірістер	1 498,1	666,5	54,3	260,6	156,5	195,2
Портфельдік инвестициялардан алынатын кірістер	1 464,0	2 090,4	517,9	489,8	582,3	500,4
Басқа инвестициялардан алынатын кірістер	578,6	1 192,7	192,8	322,9	309,4	367,6
оның ішінде, Ұлттық қордың резервтері мен активтері бойынша сыйақы	1 172,9	1 778,5	338,2	481,7	518,9	439,7
Төленетін кірістер	27 944,8	28 586,5	6 714,2	7 509,5	6 697,2	7 665,6
Тікелей инвестициялардан алынатын кірістер	25 417,5	25 165,1	6 034,0	6 639,3	5 802,4	6 689,4
Портфельдік инвестициялардан алынатын кірістер	1 078,9	1 194,4	199,4	371,0	340,0	284,0
Басқа инвестициялардан алынатын кірістер	1 448,4	2 227,0	480,8	499,3	554,8	692,1
Басқа да бастапқы кірістер (нетто)	135,1	135,1	33,8	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер теңгерімі	-839,8	-1 020,5	-198,8	-321,2	-248,1	-252,4
Капиталмен жасалатын операциялар шотының теңгерімі	247,7	1 272,9	83,6	-24,0	1 182,2	31,0
Қаржылық шот (ҚҰБ-тың резервтік активтерін қоспағанда)	5 912,2	-1 556,8	470,5	-1 449,1	850,0	-1 428,2
Тікелей инвестициялар	-8 076,5	-2 310,7	-2 465,7	-1 840,3	1 239,8	755,4
Қаржы активтерін таза сатып алу	-3 009,6	2 993,2	829,1	-61,4	1 825,5	400,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 067,0	5 303,9	3 294,8	1 778,9	585,6	-355,4
Портфельдік инвестициялар	13 275,4	5 314,3	2 515,2	1 996,6	2 386,8	-1 584,4

	2022	2023	2023			
			I	II	III	IV
Қаржы активтерін таза сатып алу	10 086,4	3 859,0	2 418,0	1 526,0	2 336,0	-2 421,0
Үкімет және ҚР Ұлттық Банкі	7 144,7	-1 143,5	944,6	654,5	-1 166,5	-1 576,1
Банктер	534,3	642,3	516,2	101,6	28,0	-3,5
Басқа секторлар	2 407,3	4 360,2	957,3	769,8	3 474,5	-841,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-3 189,0	-1 455,3	-97,2	-470,7	-50,8	-836,6
Үкімет және ҚР Ұлттық Банкі	-1 095,9	-1 423,5	-150,6	-218,7	-345,5	-708,7
Банктер	-1 007,0	-265,7	-40,9	-211,9	13,1	-26,0
Басқа секторлар	-1 086,1	233,9	94,4	-40,0	281,5	-102,0
Туынды қаржы құралдары (нетто)	259,8	-21,8	-0,1	15,7	48,5	-85,9
Басқа инвестициялар	453,6	-4 538,6	421,0	-1 621,2	-2 825,2	-513,3
Капиталға қатысатын басқа құралдар (нетто)	16,3	108,7	22,6	3,8	52,9	29,4
Орта және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-878,1	-168,3	-864,9	-197,5	-392,7	1 286,8
Қаржы активтерін таза сатып алу	1 067,3	1 137,4	-136,7	569,1	429,7	275,3
Үкімет және ҚР Ұлттық Банкі	-1,2	-1,1	-0,5	0,0	-0,6	0,0
Банктер	222,8	319,5	45,4	24,0	100,9	149,2
Басқа секторлар	845,7	819,0	-181,6	545,1	329,3	126,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	1 945,4	1 305,7	728,2	766,6	822,3	-1 011,5
Үкімет және ҚР Ұлттық Банкі	71,0	-482,9	-77,4	-68,9	-218,5	-118,0
Банктер	706,9	1 240,3	610,5	564,4	532,5	-467,2
Басқа секторлар	1 167,5	548,3	195,1	271,1	508,3	-426,3
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	1 315,4	-4 479,0	1 263,4	-1 427,5	-2 485,4	-1 829,5
Қаржы активтерін таза сатып алу	7 007,5	-708,3	2 065,1	-1 241,1	-1 266,8	-265,5
Міндеттемелерді таза қабылдау	5 692,1	3 770,7	801,7	186,3	1 218,7	1 564,0
Қателер және қалып қойғандар	-3 570,0	-93,1	254,2	365,3	-2 394,6	1 682,1
Жалпы теңгерім	2 180,0	5 921,8	1 754,1	1 562,4	3 654,0	-1 048,7
Қаржыландыру	-2 180,0	-5 921,8	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0	1 048,7
ҚҰБ-тың резервтік активтері	-2 180,0	-5 921,8	-1 754,1	-1 562,4	-3 654,0	1 048,7
ХВҚ-ның кредиттері	0,0	0				
Исключительное финансирование	0,0	0				

1.5-бөлімге 2-қосымша

1.5.2-кесте. Сыртқы борыштың стандартты көрінісі

(млн АҚШ доллары)

	2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай	2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай	2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай	2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай	2023 жылғы 1 қазандағы жағдай	2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай
Сыртқы борыш	164 131,1	160 682,8	161 996,8	161 961,1	162 688,6	162 697,5
Қысқа мерзімді	12 009,6	16 337,4	17 190,1	17 134,3	18 124,8	19 242,6
Ұзақ мерзімді	152 121,5	144 345,4	144 806,7	144 826,8	144 563,8	143 454,8
Мемлекеттік басқару органдары	15 859,3	13 390,1	12 857,6	12 684,0	12 587,3	11 788,3
Қысқа мерзімді	24,3	55,4	60,0	54,6	91,7	94,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері және аванстар	24,3	55,2	59,9	54,6	49,5	50,6
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,2	0,1	0,0	42,2	44,0
Ұзақ мерзімді	15 835,0	13 334,6	12 797,6	12 629,4	12 495,6	11 693,6
Арнаулы қарыз алу құқықтары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	8 748,7	6 336,2	5 844,0	5 763,1	5 909,3	5 135,2
Кредиттер мен қарыздар	7 086,3	6 998,4	6 953,6	6 866,3	6 586,3	6 558,5
Сауда кредиттері және аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Орталық банк	2 535,8	2 171,8	2 217,9	2 065,1	2 097,6	2 233,1
Қысқа мерзімді	494,6	230,9	255,3	119,7	185,2	276,4
Қолма-қол валюта және депозиттер	7,9	12,8	10,4	13,6	13,0	249,7
Борыштық бағалы қағаздар ¹	483,3	214,4	240,8	101,9	168,2	22,9
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері және аванстар	3,4	3,7	4,1	4,2	4,0	3,7
Басқа да міндеттемелер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Ұзақ мерзімді	2 041,1	1 940,9	1 962,6	1 945,3	1 912,5	1 956,7
Арнаулы қарыз алу құқықтары	2 040,2	1 939,9	1 961,6	1 944,4	1 911,5	1 955,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Сауда кредиттері және аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
Банктер	5 493,8	9 675,4	10 625,4	10 162,6	10 631,1	11 176,6
Қысқа мерзімді	1 837,7	5 658,3	6 012,9	5 224,6	5 330,0	6 302,0
Қолма-қол валюта және депозиттер	1 612,3	4 456,6	4 434,4	4 159,0	4 037,9	4 700,7
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	9,3	797,6	1 128,9	569,7	766,6	711,5
Сауда кредиттері және аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

Басқа да міндеттемелер	216,2	404,1	449,6	495,9	525,5	889,8
Ұзақ мерзімді	3 656,1	4 017,1	4 612,5	4 938,0	5 301,2	4 874,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	226,2	1 462,6	2 141,3	2 685,2	3 158,7	2 811,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	1 888,8	752,6	742,7	553,6	511,7	516,8
Кредиттер мен қарыздар	1 541,2	1 801,9	1 728,5	1 699,1	1 630,7	1 546,7
Сауда кредиттері және аванстар	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа да міндеттемелер ²	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа секторлар³	44 013,4	42 259,1	43 132,6	43 635,1	45 198,3	45 885,3
Қысқа мерзімді	9 653,0	10 392,7	10 861,9	11 735,3	12 518,0	12 569,6
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ¹	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Кредиттер мен қарыздар	927,9	1 181,5	1 041,5	1 047,2	1 791,1	1 828,0
Сауда кредиттері және аванстар	7 616,8	8 760,9	9 305,7	10 120,1	10 230,0	10 195,0
Басқа да міндеттемелер	1 108,3	450,3	514,7	568,0	496,9	546,6
Ұзақ мерзімді	34 360,4	31 866,4	32 270,7	31 899,8	32 680,2	33 315,7
Қолма-қол валюта және депозиттер	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар ²	10 724,1	6 936,5	7 077,4	6 757,2	7 073,8	7 018,4
Кредиттер мен қарыздар	21 261,5	22 787,3	22 945,3	23 079,8	23 407,0	24 258,4
Сауда кредиттері және аванстар	1 894,0	1 465,4	1 464,1	1 333,4	1 408,8	1 226,6
Басқа да міндеттемелер ³	480,8	677,0	783,9	729,5	790,6	812,2
Басқа қаржы ұйымдары	2 498,5	1 852,2	1 861,5	2 119,4	2 280,1	2 571,2
Қысқа мерзімді	1 135,8	404,0	200,5	320,6	186,3	399,4
Ұзақ мерзімді	1 362,7	1 448,2	1 660,9	1 798,8	2 093,7	2 171,8
Қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылықтары және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар	41 514,9	40 406,9	41 271,1	41 515,7	42 918,2	43 314,2
Қысқа мерзімді	8 517,2	9 988,7	10 661,4	11 414,7	12 331,7	12 170,2
Ұзақ мерзімді	32 997,7	30 418,1	30 609,8	30 101,0	30 586,5	31 143,9
Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек	96 228,8	93 186,4	93 163,4	93 414,3	92 174,3	91 614,2
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелері	79 283,9	77 592,5	78 180,0	78 681,1	77 745,7	77 077,4
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері (кері инвестициялау)	9 275,0	9 883,8	10 041,5	10 138,8	10 042,6	10 200,4
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері	7 669,8	5 710,1	4 941,9	4 594,4	4 385,9	4 336,4

¹ Борыштық бағалы қағаздар (ол бар болса) нарықтық құны бойынша есептеледі.

² Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары мен стандартты кепілдік бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық инвестициялық позицияның құрылымындағы басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелерді қамтиды.

³ Басқа секторлар сыртқы борыш құрылымында дербес бап болып бөлінген фирмааралық берешекті қамтымайды.

1.5-бөлімге 3-қосымша

1.5.3-кесте. Қазақстан Республикасының сыртқы борышының абсолютті және салыстырмалы параметрлері

Көрсеткіштің атауы	2022 жыл	2023	2023	2023	2023	2023 жыл
		жылғы I тоқсан	жылғы II тоқсан	жылғы III тоқсан	жылғы IV тоқсан	
Абсолютті параметрлер (млн АҚШ доллары)						
1. Сыртқы борыш (кезең соңындағы бағалау)	160 682,8	161 996,8	161 961,1	162 688,6	162 697,5	162 697,5
оның ішінде, фирмааралық берешек	93 186,4	93 163,4	93 414,3	92 174,3	91 614,2	91 614,2
2. Фирмааралық берешекті қоспағанда, сыртқы борыш (кезең соңындағы бағалау)	67 496,4	68 833,4	68 546,8	70 514,3	71 083,3	71 083,3
3. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қосқанда)	42 302,4	11 050,9	13 320,8	11 850,3	13 390,4	49 612,5
4. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдер (фирмааралық берешекті қоспағанда)	20 888,0	6 035,0	8 903,0	7 675,3	8 768,0	31 381,4
Салыстырмалы параметрлер						
1. Сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы (%), фирмааралық берешекті қосқанда)	71,1	69,1	67,1	65,1	62,5	62,5
2. Сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатынасы (%), фирмааралық берешекті қоспағанда)	29,9	29,4	28,4	28,2	27,3	27,3
3. Сыртқы борыштың 12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%), фирмааралық берешекті қосқанда)	171,7	176,8	176,9	177,1	177,5	177,5
4. Сыртқы борыштың 12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%), фирмааралық берешекті қоспағанда)	72,1	75,1	74,8	76,8	77,5	77,5
5. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдердің кезең ішіндегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%), фирмааралық берешекті қосқанда)	45,2	51,5	58,1	49,5	57,4	44,3
6. Ұзақ мерзімді сыртқы борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдердің кезең ішіндегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%), фирмааралық берешекті қоспағанда)	22,3	28,1	38,8	32,0	37,6	24,4
7. Сыйақы төлемдерінің кезең ішіндегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%)	6,8	10,0	9,8	9,5	10,7	10,0

8. Сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдердің кезең ішіндегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортына қатынасы (%) ¹	1,2	1,9	1,2	3,4	4,0	2,6
9. Ұлттық Банктің резервтік активтерінің қысқа мерзімді сыртқы борышқа қатынасы (%)	214,7	210,7	201,1	175,9	186,8	186,8
Анықтама үшін:						
ЖІӨ (млрд теңге), кезеңде ²	103 765,5	23 582,6	23 662,0	28 302,1	43 704,3	119 251,2
12 айдағы ЖІӨ (млрд АҚШ долл.) ³	225,9	234,5	241,2	249,9	260,5	260,5
Кезең ішіндегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты	93 598,4	21 468,2	22 931,7	23 949,6	23 314,5	91 664,0
12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты	93 598,4	91 641,4	91 579,1	91 836,7	91 664,0	91 664,0

¹ Қайталама нарықтағы бағалы қағаздармен операцияларды есепке алмағандағы деректер.

² 2024 жылғы 15 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы шұғыл деректері.

³ күнтізбелік жыл ішіндегі АҚШ долларындағы ЖІӨ – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің деректері. Тоқсандағы салыстырмалы параметрлерді есептеу үшін 12 айдағы АҚШ долларындағы ЖІӨ тоқсандағы тиісті орташа айырбастау бағамы бойынша есептелген АҚШ долларындағы ЖІӨ-нің тоқсандық мәндерінің сомасы ретінде айқындалады.

Пайдаланылған қысқартулар тізімі

АДБ	- Азия даму банкі
АК	- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
АКРА	- Аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі
АҚ	- акционерлік қоғам
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
АҚШ ФРЖ	- Америка Құрама Штаттарының Федералды резервтік жүйесі
АӨК	- агроөнеркәсіптік кешен
АХҚО	- «Астана» халықаралық қаржы орталығы
ӘҚТК	- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
ӘРПК	- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
БАӘ	- Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ	- бұқаралық ақпарат құралдары
банк	- екінші деңгейдегі банк
БЖЗҚ	- «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
б.т.	- базистік тармақ
БТП	- бірыңғай технологиялық платформа
ДБҰ	- Қаржы саласындағы киберқауіптерді жинау, мониторингілеу және оларға ден қою жөніндегі дербес білім беру ұйымы
ДӨӨ	- Ұлттық Банктің Деректерді өңдеу орталығы
ДЭФ	- Дүниежүзілік экономикалық форум
ЕАТ	- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ
ЕАЭО	- Еуразиялық экономикалық одақ
ЕКВ	- еркін конвертацияланатын валюта
ЕҚДБ	- Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЕО	- Еуропалық одақ
ЕОБ	- Еуропалық орталық банк
ЕҚЫҰ	- Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
ЕЭК	- Еуразиялық экономикалық комиссия
ЖЖМ	- жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
КЕАҚ	- коммерциялық емес акционерлік қоғам
КЖ/ТҚҚ	- кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

Қаржыминінің МКК	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
«ҚРСК» ААШЖ	- «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе
МБҚ	- мемлекеттік бағалы қағаздар
ОПЕК+	- ОПЕК-ке кірмейтін, бірақ мұнайды өндіру мен экспорттаудың кейбір мәселелерінде осы ұйыммен және өзара ынтымақтасатын мемлекеттер қауымдастығы
п.т.	- пайыздық тармақ
РЕПО	- Repurchase agreement (ағылш.)
СВОП	- Swap (ағылш.)
СДАО	- Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы ағылш.
СДР	- Special Drawing Rights (SDR), арнаулы қарыз алу құқықтары
ТКҚ	- тұрғын үй-коммуналдық қызметтер
ТКШ	- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҰК	- ұлттық компания
Ұлттық Банк	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұлттық қор	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
Үкімет	- Қазақстан Республикасының Үкіметі
ФАО	- Food and Agriculture Organization, (ағыл.), Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ФАТФ	- Financial Action Task Force (ағыл.), ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы
ХВҚ	- Халықаралық валюта қоры
ХЕБ	- Халықаралық есеп айырысу банкі
ШОБ	- шағын және орта бизнес
ШЫҰ	- Шанхай ынтымақтастық ұйымы
API	- Application programming interface (ағылш.)
AQR	- Asset Quality Review (ағылш.)
CFA	- Chartered Financial Analyst (ағылш.)
CIA	- Certified Internal Auditor (ағылш.)
CIMA	- Chartered Institute of Management Accountants (ағылш.)
DiplFR	- Diploma in International Financial Reporting (ағылш.)
ERP	- Enterprise resource planning (ағылш.)
FSAP	- Financial Sector Assessment Program (ағылш.)
GBI-EM	- Government Bond Index-Emerging Markets (ағылш.)
ICFM	- Institute of Certified Financial Managers (ағылш.)
KASE	- Kazakhstan Stock Exchange (ағылш.)
SAP	- System Analysis and Program Development (ағылш.)
SDMX	- Statistical Data and Metadata exchange (ағылш.)

